

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
САЛАЛАРЫН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК
ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ЖИНАҒЫ**

МӘДЕНИЕТ

**СБОРНИК НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ,
РЕГУЛИРУЮЩИХ СФЕРЫ КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

КУЛЬТУРА

Алматы, 2013

УДК 340:008
ББК 67.4001+71
Қ 18

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды».

Қ 18 «Қазақстан Республикасында мәдениет және ақпарат салаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер жинағы» «Мәдениет» = Сборник нормативных правовых актов, регулирующих сферы культуры и информации в Республике Казахстан «Культура» / (Құрастырушы – Гүлбану ҚАЙЫРҒАЛИЕВА) – Алматы: «Асыл сөз» баспасы, 2013. – 512 б. – Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-80392-1-8

Қазақстан Республикасында мәдениет және ақпарат салаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер жинағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Жинақ мәдениет, ақпарат, тілдерді дамыту, мұрағат ісі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану салаларында жұмыс істейтін тұлғаларға, сондай-ақ аталған салалардағы заңнаманы зерттейтін өзге де тұлғаларға арналған.

Сборник нормативных правовых актов, регулирующих сферы культуры и информации в Республике Казахстан состоит из нормативных правовых актов, относящихся к компетенции Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

Сборник предназначен для лиц, работающих в области культуры, информации, развития языков, архивного дела, государственного социального заказа и использования государственных символов Республики Казахстан, а также иных лиц, изучающих законодательство перечисленных сферах.

УДК 340:008
ББК 67.4001+71

ISBN 978-601-80392-1-8

© Гүлбану Қайырғалиева, 2013
© «Асыл сөз» баспасы, 2013

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
САЛАЛАРЫН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК
ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ЖИНАҒЫ**

МӘДЕНИЕТ

МАЗМҰНЫ

Алғысөз..... 9

1-бөлім. Мәдениет

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы..... 13

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы..... 34

«Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы № 381 Жарлығы..... 64

«Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе берудің қағидасы мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 мамырдағы № 76 Жарлығы..... 79

«Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияларды беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 266 қаулысы 83

«Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі № 310 қаулысы..... 86

«Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 қаулысы..... 89

«Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкаларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1031 қаулысы..... 98

«Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру және одан айыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1032 қаулысы.....	103
«Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1033 қаулысы.....	114
«Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1044 қаулысы.....	118
«Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1045 қаулысы.....	121
«Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 279 қаулысы.....	124
«Мемлекеттік кітапханалардың, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-қорықтардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі № 555 қаулысы	149
«Фильмге прокаттау куәлігін беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 1391 қаулысы.....	154
«Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру қағидасы мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 33 қаулысы.....	159

«Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 127 қаулысы.....	163
«Мемлекеттік театрларды, мұражайларды, концерт және мәдени-демалыс ұйымдарын субсидиялау мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1211 қаулысы.....	168
«Фильмнің индексі туралы ақпаратқа қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1217 қаулысы.....	181
«Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың қағидаларын және оларды пайдалану режимін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1218 қаулысы.....	185
«Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1641 қаулысы.....	189
«Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру туралы» Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2007 жылғы 28 наурыздағы № 93 бұйрығы.....	194
«Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 110 бұйрығы.....	200
«Көтермелеудің салалық жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 111 бұйрығы.....	205

«Кітапхана қорларын қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 152 бұйрығы	209
«Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 153 бұйрығы.....	213
«Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығы.....	217
«Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 219 бұйрығы	227
«Фильмді ұлттық деп тану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің м.а. 2010 жылғы 5 қазандағы № 109 бұйрығы	231
«Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарымен құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларға беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына «Орталық» мәртебесін беру Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2010 жылғы 1 қарашадағы № 123 бұйрығы.....	235
«Фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 46 бұйрығы.....	238

«Жеке кәсіпкерлік саласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға арналған тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 51 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 80 бірлескен бұйрығы.....	240
«Жеке кәсіпкерлік саласындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға арналған тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 52 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 81 бірлескен бұйрығы.....	244
«Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығы.....	247
«Фильм индексін анықтаудың критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 7 бұйрығы.....	252
«Мемлекеттік мәдениет ұйымдары, мемлекеттік мұрағаттар, мемлекеттік тілдерді дамыту саласындағы ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 194 бұйрығы.....	256

«Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз» Н.Назарбаев (Қазақстан халқына жолдаудан, 2012 ж. 14 желтоқсан)

Еліміздің мемлекеттік тәуелсіздік алуына байланысты оның қоғамдық өмірінің барлық салаларын заңнамалық актілермен қамтамасыз ету қажеттілігі туындады. Бұл жас мемлекеттің өзінің жасампаздық қызметін құқықтық мемлекет құрудан бастағандығына байланысты болатын. Алғашқы кезде кейбір заңдардың кезек күттірмейтін қоғамдық қатынастар мен экономикалық мәселелерді реттеу үшін қабылданғандығын атап өту қажет. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған заңнамалық актілерде болашақта кездесуі мүмкін проблемаларды алдын-ала қарастыру қиын еді. Сондықтанда оларға әлсін-әлсін өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырды, ал кейбір жағдайларда бұрынғы заңдардың күші жойылып жаңа заңдар қабылданды. Мұның табиғи үдеріс екендігі даусыз. Себебі өмірде кездесетін барлық жағдайларға арналған заңның болуы мүмкін емес.

Ел өмірінің әр саласында жүргізіліп жатқан реформаларға байланысты, әлбетте оның құқықтық базасы да жетілдіріліп отырды. Мәселен, әкімшілік реформаны жүргізген кезде мемлекеттік органдардың қызметі қайта қаралып, кейбір қызмет түрлері орталықтан жергілікті атқарушы органдарға берілді. Әкімшілік кедергілерді азайту үшін реформа жүргізу кезінде көптеген рұқсат беру құжаттары алынып тасталынды, ал кейбірі хабарлау тәртібімен ауыстырылды, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қысқартылды. Әрине бұл өзгерістердің бәрі еліміздің заңнамаларында көрініс тапты.

Қазақстан Республикасының заңнамалары құқықтық қатынастың әртүрлі салаларын реттейтін 300 аса заң актілерінен тұрады. Бұл жағдайда кейбір заң актілері белгілі бір дәрежеде мәдениет, ақпарат, тілдерді дамыту, мұрағат ісі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мәселелерін қарастырмай өтпейді. Мәселен, Бюджеттік кодексте, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте, Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы», «Қазақстан

Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» және т.б. заңдарында.

Бұл Жинаққа Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің құзыретіне кіретін салаларды тікелей реттейтін 8 заң, 70 аса нормативтік құқықтық актілер енгізілді.

Жинақ әр сала бойынша хронологиялық тәртіппен құрастырылған: заң – заңға тәуелді актілер.

Жинақ мәдениет саласындағы заңнамалармен ашылады (1-тарау).

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заң 1992 ж. 2 шілдеде қабылданды. Бұл заңда тарихи-мәдени мұраларды сақтаудың мақсаты, тарихи-мәдени мұралар объектілерін пайдалану және қорғау тәртібі, ескерткіштердің мәртебесі, тарихи және мәдени ескерткіштерді иелену құқын іске асырудың ерекшеліктері, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың ұстанымдары, жеке және заңды тұлғалардың тарихи мәдени мұралар объектілерін пайдалану және қорғау шараларын іске асыруға қатысуы және оларды мемлекеттік есепке алудың қажеттілігі анықталған.

1996 ж 24 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» заңының орнына 2006 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңы қабылданды. Бұл заңда мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері мен принциптері айтылған. Мәселен, кәсіби емес (әуесқой) шығармашылық бірлестіктер туралы ережелер, мәдени даму қорын құрудың қажеттілігі туралы, мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестациялау тәртібі, ауыл мәдениетін дамыту. Бұл мәселелер бұрынғы заңда мүлде қарастырылмаған еді. Қоғамның өскелең қажеттілігін ескере отырып мемлекеттік кітапхана, мұражай, мәдени-демалыс ұйымдарының, сонымен қатар кинематографиялық ұйымдардың фильмдерді тарату және көрсету қызметтері нақтыланды.

2-тарау ақпарат саласына арналаған. Оған 1999 ж. 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы енгізілді. Бұл заңда БАҚ саласындағы мемлекеттік реттеудің принциптері, БАҚ мекемелерін құруға байланысты азаматтардың құқықтары, БАҚ-тың азаматтармен және ұйымдармен қарым-қатынасы, жалған екендікті дәлелдеу тәртібі, журналистерді аккредитациялау тәртібі, журналистердің құқы мен міндеттері,

мерзімді басылымдармен ақпараттық агенттіктерді есепке алу мәселесі, БАҚ қызметін тоқтата туру және мүлде тоқтату. БАҚ қызметін реттейтін екінші заң 2012 ж. 18 қаңтарда қабылданған «Телерадиохабарларды тарату туралы» заң еді. Мұнда телерадиохабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылаудың негізгі принциптері, телерадиобағдарламаның тілі, телерадио хабарларын таратуды дамыту жөніндегі комиссияның қызметі, лицензиялау тәртібі, отандық және шетелдік телерадиобағдармаларды есепке алу және қажет болған жағдайда олардың қызметін мүлде тоқтату, авторлық құқықты қорғау мәселелер айтылған.

Тілдерді дамыту саласындағы заңнамалық база 3-тарауда қарастырылған. Атап айтқанда, 1997 ж. 11 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңында. Бұл заңда Қазақстан Республикасында тілдер саясатын дамытудың келешегі, мемлекеттің тілдерді дамытуға бағытталған қамқорлығы, ономастикалық жұмыстың тәртібі және т.б. маңызды мәселелер көрсетілген.

2005 ж. 15 сәуірде қабылданған «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заң мен оны іске асыру мақсатында даярланған нормативтік құқықтық актілер 4 – ші тарауға топтастырылған.

5-ші тарау мемлекеттік рәміздерге арналған. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық заң 2007 ж. 4 маусымда қабылданды. Бұл заң бойынша Мемлекеттік гимннің жаңа редакциясы қабылданды, оның сөзінің авторлары Ж.Нәжімеденов және Н.Назарбаев, музыкасының авторы Ш.Қалдаяқов. Сонымен қатар, бұл заң мемлекеттік рәміздерді даярлау және пайдалануды реттейтін жаңа принциптермен толықтырылды және материалдық объектілерге қойылатын мемлекеттік рәміздерді лицензиялау тәртібі алынып тасталынды.

Жинақ мұрағат ісі саласындағы заңнамалармен аяқталады. 1998 ж. 22 желтоқсанда қабылданған «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат туралы» заң мемлекеттік мұрағаттардың қызметін реттейді, ұлттық мұрағат қорының құрамына анықтама береді, елеміздің ұлттық мұрағат қорын толықтырудың көздері және оларды қалыптастырудың принциптерін, құжаттық ескерткіштерді ұлттық мұрағат қорына жатқызудың тәртібін, мұрағат декетерін есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету және оларды зерттеулерде ғылыми тұрғыда пайдалану мәселелерін айқындайды.

Жинақта жарияланып отырған құжаттардың мәдениет және ақпарат саласындағы ұйымдардың практикалық қызметінде және тілдерді дамытуды, мұрағат ісі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалануда және халықты құқықтық жағынан тәрбелеуде, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық бірлігін және қоғамдық келісімді нығайтуда, мәдени мұраны сақтауда маңызы зор.

Жинаққа заңдармен бірге оларды іске асыру үшін қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және Мәдениет және ақпарат министрінің нормативтық құқықтық бұйрықтары енгізілді.

1-бөлім. МӘДЕНИЕТ

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы

Осы Заң тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мақсаттарды, міндеттер мен құқықтық негіздерді айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңдары

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-бап. Осы Заңның мақсаты

Осы Заңның мақсаты:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін, оларды қорғауды және пайдалануды айқындау;
- 2) тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін бекіту;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттерін регламенттеу;
- 4) мемлекеттік органдардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау саласындағы құзыретінің аражігін ажырату;
- 5) тарихи-мәдени мұра объектілеріне залал келтіргені үшін жауапкершілік шараларын белгілеу болып табылады.

3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алдын-ала есепке алу тізімі - тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізімі;

2) ансамбльдер – оқшауландырылған немесе біріктірілген ескерткіштердің, фортификация, сарай, тұрғын үй, қоғам, әкімшілік, сауда, өндіріс, ғылым, оқу мақсатындағы құрылғылар мен құрылыстардың, сондай-ақ діни мақсаттағы ескерткіштер мен құрылыстардың топтары, оның ішінде тарихи қалыптасқан аумақтарда оқшауланған қоныстардың тарихи жоспарлануы мен құрылысының фрагменттері;

3) археология ескерткіштері - тұрақтар, қалашықтар, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің, арналардың, жолдардың қалдықтары, ежелгі қорымдар, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер мен жазбалар, ежелгі елді мекендердің тарихи мәдени қабатының учаскелері және ежелгі адамның өмірі мен қызметінің іздері бар өзге де орындар;

4) қала құрылысы мен сәулет ескерткіштері - сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орталықтар, орамдар, алаңдар, көшелер, қалалар мен басқа да елді мекендердің ежелгі жоспарлануы мен құрылысының қалдықтары, азаматтық, тұрғын үй, өнеркәсіптік, әскери, ғибадат ету сәулетінің, халық сәулетшілігінің құрылыстары, сондай-ақ олармен байланысты монументтік, сәндік-қолданбалы және бақ-саяжай өнерінің туындылары, табиғат ландшафты;

5) қорғау міндеттемесі – тарих және мәдениет ескерткішінің осы құжатты ресімдеу кезіндегі жай-күйі және меншік иесінің немесе пайдаланушының тарих және мәдениет ескерткішін күтіп-ұстау шарттары тіркелетін құжат;

6) тарих және мәдениет ескерткіштері – Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген, халықтың өткен тарихымен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен байланысты, адам жасаған немесе адам мен табиғаттың бірлескен туындысы болып табылатын жекелеген кесендер, ғимараттар, құрылыстар мен ансамбльдер, тарихи-мәдени ландшафттар және басқа да көрікті жерлер;

7) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық жұмыстар - археология ескерткіштеріне археологиялық қазба, барлау және сараптамалар жасау жолымен дала зерттеулерін жүргізу;

8) тарихи-мәдени қорық - айрықша тарихи, ғылыми және көркемдік

құндылық болып табылатын ескерткіштердің ансамбльдері мен кешендері;

9) тарих және мәдениет ескерткішін пайдаланушы - осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерін оның меншік иесімен жасалған шарт негізінде пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

10) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары - тарих және мәдениет ескерткіштерінде жүргізілетін археологиялық жұмыстарды қоспағанда, өндірістік, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының барлық түрлері;

11) тарихи-мәдени мұра объектілері - тарихи оқиғалар нәтижесінде пайда болған, тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, ғылым мен техника, эстетика, этнология немесе антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысынан құнды болып табылатын, олармен байланысты бейнелеу, мүсін, қолданбалы өнер, ғылым мен техника туындылары және материалдық мәдениеттің өзге де заттары бар жылжымайтын мүлік объектілері;

12) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (уәкілетті орган) - тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) тарихи-мәдени сараптама - тарихи-мәдени мұра объектісінің тарихи-мәдени маңызын және сақталу дәрежесін белгілеуге бағытталған ұйымдастырушылық, талдау және практикалық іс-шаралардың жиынтығын қамтитын қорытынды;

14) тарихи-сәулет тірек жоспары - тарихи, ғылыми, көркемдік және мәдени құндылық болып табылатын тарих пен мәдениет ескерткіштерінің және жаңадан анықталған объектілердің орналасуын тіркейтін құжат.

4-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлері, оларды қорғау және пайдалану

1. Тарих және мәдениет ескерткіштері мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қала құрылысы және сәулет ескерткіштері;

2) археология ескерткіштері;

3) ансамбльдер.

2. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауға, зерттеуге және насихаттауға;

2) тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін бекітуге;

3) жоюдан, тағылық актілерінен, өңін айналдырудан, жалған дәріптеуден, бұрмалаудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түпмәтіннен үзіп тастаудан қорғауды қамтамасыз етуге;

4) археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу жолымен қайта түлетуге және сақтауға;

5) олардың сақталуы қамтамасыз етілетін нормаларға сәйкес күтіп-ұсталуына;

6) этномәдени органы қайта түлету процесінде, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсаттарда пайдалануға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

5-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің мәртебесі

Тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін осы Заңда белгіленген тәртіппен өздері тарих және мәдениет ескерткіші деп танылған кезден бастап иеленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археология ескерткіштері олар анықталған кезден бастап тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін алады.

Қазақстан Республикасындағы тарих және мәдениет ескерткіштері, осы Заңда көзделген тәртіппен міндетті түрде қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың, оларды меншіктену құқығын өзгертудің және оларды мәртебеден айырудың ерекше құқықтық режимі болады.

Тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыруға, оны Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастауға объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда ғана уәкілетті органның, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның арнаулы комиссиясымен келісілген ұсынысы бойынша, тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ғана жол беріледі.

Жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері алдын ала есепке алу тізіміне енгізіледі және олар өздерінің мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін, осы Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуы тиіс.

6-бап. Алынып тасталды – Қазақстан Республикасының 2004.20.12. Заңымен.

7-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі құзыреті

Қазақстан Республикасы тиісті мемлекеттік органдардың атынан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Халықаралық шарттарға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, бірақ басқа мемлекеттердің аумақтарында орналасқан;

2) басқа мемлекеттердің меншігі болып табылатын, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан;

3) басқа мемлекеттердің меншігі болып табылатын, солардың аумақтарында орналасқан, бірақ тарихи тұрғыдан Қазақстан Республикасымен байланысты тарихи және мәдени ескерткіштер де қорғалуға, сақталуға және пайдаланылуға жатады.

Қазақстан Республикасы өзінен тыс жерде орналасқан және Қазақстан халқының тарихи-мәдени игілігі деп танылған тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алуды ұйымдастыру, сақтау және тарихи отанына қайтару жөнінде шаралар қолданады.

2-тарау. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері

8-бап. Меншік қатынастарын реттеу

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік қатынастары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері осы заңмен белгіленеді.

9-бап. Меншік құқығының объектілері

Осы Заңда белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштері

деп танылған тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығының объектілері болып табылады.

10-бап. Меншік құқығының субъектілері

Қазақстан Республикасы, жеке және заңды тұлғалар тарихи-мәдени мұра объектілеріне меншік құқығының субъектілері болып табылады.

11-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне мемлекеттік меншік

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және басқа субъектілерге тиесілі емес тарих және мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың тарихи-мәдени мұрасын құрайтын тарихи-мәдени құндылығы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын олардың меншік иелерімен жасалған шарттар бойынша сатып алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы атынан халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік иесі өкілеттігін тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

12-бап. Меншік субъектілерінің құқықтары

Меншік иесіне тарих және мәдениет ескерткіштеріне өз бетімен құрту құқығын қоспағанда, меншік иесінің оларды меншік объектілері ретінде иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге құқығы бар.

Меншігінде тарих және мәдениет ескерткіші бар азамат, егер меншік объектісі өзіне мұрагерлік құқығы арқылы тиесілі болса және шығу тегі немесе мазмұны жағынан мұра етіп қалдырған адамның жеке ба-сымен немесе меншік иесінің ата-бабасымен байланысты болса, ол ескерткіштің мазмұнын елу жыл мерзімге дейін жария етпеуді немесе зерттеу мен жария көрсетуге жол бермеуді талап етуге қақылы.

Меншік иесі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану және іске қосу нәтижесінде пайда табуға (табыс алуға) құқылы, бұл құқық оларды қорғау жөніндегі міндеттемелермен шектеледі.

13-бап. Меншік иелерінің міндеттері

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері оларды сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырады және:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

2) алынып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарын меншік құқықтарының болуы мүмкін немесе болған өзгерістері туралы хабардар етуге;

4) алынып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен;

5) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді - уәкілетті органмен, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісуге;

6) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен жасалған арнайы шарттарда белгіленген тәртіп пен шекте тарих және мәдениет ескерткішіне ғылыми, мәдени және өзге де мақсаттарда қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Тарихи және мәдени ескерткіштердің меншік иелері мен оларды пайдаланушылардың міндеттемелері облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары беретін қорғау міндеттемесінде тіркеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелер тарихи және мәдени ескерткіштерді пайдаланушыларға да бірдей дәрежеде қатысты.

14-бап. Күтімсіз ұсталатын тарих және мәдениет ескерткіштерін алып қою

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иесі осы ескерткіштерді күтіп ұстамай, бұл олардың өз маңызын жоғалту қаупін төндіретін жағдайларда, мемлекет мұндай ескерткіштерді меншік иесінен сот шешімі бойынша сатып алу арқылы алып қояды немесе олар, осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, жария сауда-саттықта сатылады.

Меншік иесінен жеке меншігіндегі оның тұрғын үйі немесе тұрғын жайы болып табылатын тарих және мәдениет ескерткішін алып қою оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге тұрғын жай берілмей және шарт бойынша тиісті өтемақы төленбей жүзеге асырылмайды.

15-бап. Ескерткішке меншік құқығын сатып алу кезіндегі артықшылықтар

Жалпы үлестік меншіктегі тарих және мәдениет ескерткішінің бір бөлігінің меншік иелерінде осы ескерткіштің басқа бөліктерін меншігіне сатып алуға артықшылық құқығы бар.

Тарих және мәдениет ескерткішінің басқа бөліктерін сатып алудың осы баптың бірінші тармағында көзделген артықшылық құқығы сатып алушы меншігінің ескерткіш мәртебесі болмаған ретте де қолданылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жария сатқан кезде, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде айтылған реттерді қоспағанда, мемлекеттің оларды нарық (аукцион) бағасы бойынша артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

3-тарау. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау саласындағы мемлекеттік басқару

16-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы лауазымды адамдар және мемлекеттік басқару органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 3) уәкілетті орган;
- 4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) уәкілетті орган туралы ережені бекітеді;
- 3) мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкаларын белгілейді;
- 4) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережелерін бекітеді;
- 5) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру ережелерін бекітеді;
- 6) тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережелерін бекітеді;
- 7) тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;
- 8) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру тәртібін бекітеді;
- 9) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың тәртібін және пайдалану режимін бекітеді;
- 10) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

18-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 2) алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен;
- 3) тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, қорғауды және оларда ғылыми-реставрациялау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздейді;
- 4) мемлекет меншігі болып табылатын, жергілікті маңызы бар

тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;

5) алынып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07. Заңымен;

6) уәкілетті органмен келісе отырып, қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді;

7) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

8) Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарын бұзған жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;

9) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органына тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссиялар құру туралы ұсыныстар енгізеді;

10) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;

11) тарих және мәдениет ескерткіштері мен оларды қорғау аймақтары бойынша жұмыстардың барлық түрлеріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жөндеу жобаларын қарайды және келіседі;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарих және мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалануды жүзеге асырады;

13) тиісті аумақтарда жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылу және күтіп-ұстау тәртібін, сондай-ақ оларда археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелеріне және пайдаланушыларына олардың осы Заңды бұзғаны туралы нұсқамалар береді;

15) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал етудің өзге де шараларын қолданады;

16) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өз аумағында:

1) жеке және заңды тұлғалардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

2) жұртшылықты тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және насихаттау жөнінде іс-шараларды жүргізуге тартады;

3) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) уәкілетті органның ұсынуы бойынша, тарих және мәдениет ескерткіштеріне қауіп төндіретін құрылыс және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру, сондай-ақ оларға тыйым салу туралы мәселені шешеді;

5) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына немесе уәкілетті органға өздерінің құзыреті шегінде, тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуін, құлау қаупін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) тарихи-мәдени сараптама негізінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалатындығын жариялау туралы ұсыныстар енгізеді;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуге Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялар береді;

5) уәкілетті органның арнайы комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;

6) мемлекет меншігі болып табылатын халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру жөнінде шешім қабылдайды;

7) тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережелерін бекітеді;

8) тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен басқа елді мекендерді жоспарлау, салу және реконструкциялау жобаларын келіседі;

9) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

10) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануды және оларды күтіп-ұстау тәртібін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал етудің өзге де шараларын қолданады;

12) жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін орнатуды бақылауды жүзеге асырады;

13) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың тәртібін және пайдалану режимін әзірлейді;

14) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20-бап. Алынып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен.

20-1-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдала-

ну саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Уәкілетті орган жүзеге асыратын тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау:

- 1) барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйін және олардың күтіп-ұсталу тәртібін;
- 2) тарих және мәдениет жаңа ескерткіштерінің орнатылуын;
- 3) лицензиаттың берілген лицензия шарттарын сақтауын;
- 4) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын бақылауды қамтиды.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау:

- 1) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың жай-күйін және оларды күтіп-ұстау тәртібін мемлекеттік бақылауды;
- 2) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының орындалуын мемлекеттік бақылауды қамтиды.

4. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тексерулер нысанында жүзеге асырады.

5. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2009.17.07 Заңымен.

6. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2009.17.07 Заңымен.

7. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен.

21-бап. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2004.20.12 Заңымен.

5-тарау. Жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы

22-бап. Жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы

Жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттау мен танымал етуге қатысады, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына жәрдемдеседі.

Жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оларға қамқоршылық жұмыстарын белгілеуге құқылы.

23-бап. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен.

24-бап. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен.

6-тарау. Тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу

25-бап. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2004.20.12 Заңымен.

26-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер санаттарына жатқызу

Тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және қорғауды тиімді ұйымдастыру мақсатында ескерткіштер мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра

тізіміне енген халықаралық маңызы бар тарихи, ғылыми, сәулеттік, көркемдік, мемориалдық тұрғыдан құнды тарих және мәдениет ескерткіштері;

2) бүкіл еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тарихы мен мәдениеті үшін айрықша маңызы бар, тарихи, ғылыми, сәулет, көркемдік және мемориалдық тұрғыдан құнды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.

27-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін бекіту тәртібі

ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енгізу үшін ұсынылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынады.

Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін уәкілетті органның келісуімен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

28-бап. Уәкілетті органның арнаулы комиссиясын құрудың тәртібі және оның құрамы

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытындыны әзірлеу үшін уәкілетті орган арнайы комиссия құрады, оның құрамына ғалымдар, мамандар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, шығармашылық одақтар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енеді.

7-тарау. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану тәртібі

29-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану

Тарих және мәдениет ескерткіштерін Қазақстан халықтарының ру-

хани және дәстүрлерін түлету және дамыту мақсатында, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсатта пайдаланылады.

Қалалар мен басқа да елді мекендердің тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану режимі тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелеріне сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бекітетін оларды қорғау аймағы жобаларында айқындалады.

30-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға берудің тәртібі мен шарттары

Тарих және мәдениет ескерткіштерін жеке және заңды тұлғаларға ғылыми, мәдени-ағарту, туристік және өзге де мақсаттар үшін пайдалануға беру осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері осы Заңға сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша пайдалануға беріледі.

Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері уәкілетті органның шешімі бойынша пайдалануға беріледі.

31-бап. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2007.21.07 Заңымен.

32-бап. Тарих және мәдениет ескерткішін пайдалану құқығынан айыру

Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланып отырған жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткіштерін сипаты мен мақсатына сәйкес пайдалану жөніндегі міндеттерін бұзып, соның салдарынан тарих және мәдениет ескерткішіне жойылу немесе бүліну қатері төнген жағдайда, олар пайдалану құқығынан айрылады.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін оның санатына қарай пайдалану құқығынан айыру, егер тарих және мәдениет ескерткішін қорғау міндеттемесінде өзгеше көзделмесе, тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінің немесе уәкілетті органның, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті

атқарушы органының өтініші негізінде соттың шешімімен ғана жүзеге асырылады.

33-бап. Пайдалануға берілген жерлерде тұрған тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету

Жеке және заңды тұлғалар өздеріне пайдалануға берілген жерлерде тұрған тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

34-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары

1. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарына:

1) ғылыми зерттеу - тарих және мәдениет ескерткішін сақтау жөнінде жобалау-сметалық құжаттама жасау және қажетті жұмыстар жүргізу мақсатында оның сапасын және сақталу деңгейін зерделеуге, бағалауға бағытталған іс-шаралар кешені;

2) консервациялау – тарих және мәдениет ескерткішін одан әрі бұзылудан сақтайтын және ескерткіштің тарихи қалыптасқан келбетін өзгертпей оның конструкциялық бөліктері мен сәндік элементтерін бекітуді және қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. Ескерткіштің бүтін сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралардан тұратын аварияға қарсы жұмыстар да консервациялауға жатады;

3) реставрациялау - тарих және мәдениет ескерткішін құндылығы жоқ және ескерткіштің келбетін бұзатын қабаттардан тазарту жолымен оның тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетінің сақталуы мен ашылуын, ғылыми негізделген деректер арқылы ғимараттың, ансамбльдің, кешеннің жоғалған элементтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

4) қайтадан жасау - жеткілікті ғылыми деректері мен тарих және мәдениет ескерткішінің айрықша тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы болған кезде жоғалған тарих және мәдениет ескерткішін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені;

5) жөндеу – тарих және мәдениет ескерткішінің техникалық жай-күйін оның келбетін өзгертпей, кезеңдік жұмыстар жүргізу жолымен күтіп-ұстау жөніндегі іс-шаралар кешені;

6) бейімдеу – тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи, көркемдік құндылығына және сақталуына нұқсан келтірмей, оның

қазіргі заманға сай пайдаланылуы үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

2. Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары - уәкілетті органның бақылауымен, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының бақылауымен жүзеге асырылады.

3. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстары бюджет қаражаты, инвестициялар тарту есебінен, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен пайдаланушыларының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жеке және заңды тұлғалар лицензия негізінде жүзеге асырады.

35-бап. Тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта салудың жобаларын уәкілетті органмен келісу

5. Азаматтарды мәдени өмір саласына тарту мақсатында халықтың мәдени-демалыс іс-шараларына қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер ұсынуға байланысты шығындарды жабуға мемлекеттік мәдени-демалыс ұйымдарына бюджет қаражатынан Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджеттік субсидиялар бөлінеді.

28-бап. Кинематография

1. Кинематография – фильмді жасауға, сақтауға, прокаттауға және көрсетуге бағытталған шығармашылық, ғылыми, өндірістік, білім беру қызметі түрлерін біріктіретін мәдениет саласы.

2. Кинематографиядағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары:

1) киношежіре мен ұлттық, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдер жасау;

2) кинематографияның материалдық-техникалық базасын сақтау және дамыту;

3) шетелдік фильмдерге қарағанда ұлттық фильмдерді шығаруға, олардың таралымын көбейтуге және прокаттауға басым жағдайлар жасау;

4) кинофестивальдер және басқа да іс-шаралар өткізу;

5) халықаралық кинематографистер ұйымдарына, сондай-ақ фестивальдер мен конкурстарға қатысу және өкілдік ету болып табылады.

3. Қазақстан Республикасындағы кино өндірісінің негізін кинематографиялық ұйымдар құрайды.

28-1-бап. Ұлттық фильм

1. Фильм мынадай негіздердің жиынтығына сәйкес келсе:

1) егер фильм жоғары көркемдік деңгейде жасалып, халықтың рухани қажеттіктерін қанағаттандыруға қабілетті болса, мемлекеттік мүдделерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасын кино өнері арқылы әлемдік аренада танып-білуге қызмет ететін болса;

2) фильмдерді шығару, тарату және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) кезінде смета бойынша жұмыстардың жалпы көлемінің кемінде жетпіс процентін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген кинематографиялық ұйымдар жүзеге асыратын болса;

3) Қазақстан Республикасының азаматы және (немесе) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлға фильмнің продюсерлері болып табылса;

4) фильм түсіретін топтың құрамына кіретіндердің (режиссерлер, операторлар, дыбыс операторлары, киім суретшілері, монтаждаушылар, басты рөлдерді орындайтын актерлер) отыз пайыздан аспайтыны Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдар болса;

5) фильм шығарудағы шетелдік инвестициялар фильмнің сметалық құнының отыз процентінен аспаса;

6) фильмді шығару ішінара немесе толығымен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылса, ұлттық деп танылады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес шетелдік кинематографиялық ұйымдармен бірлесіп түсірілген фильм ұлттық деп танылуы мүмкін.

3. Фильмді ұлттық деп тану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

28-2-бап. Фильмге прокаттау куәлігін беру

1. Қазақстан Республикасында шығарылған, сондай-ақ фильмге прокаттау куәлігін алу мақсатында Қазақстан Республикасына прокаттау және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) үшін әкелінген (жеткізілген) фильмдер, фестивальдерде, семинарларда, ретроспективада және басқа да іс-шараларда демонстрациялау үшін әкелінетін (жеткізілетін) фильмдерді қоспағанда, Фильмдердің мемлекеттік тізілімінде тіркеледі.

Бұл талап бұрынғы КСРО-ның кинематографиялық ұйымдары шығарған фильмдерге қолданылмайды.

Фильмге прокаттау куәлігі – фильм туралы техникалық мәліметтер, фильмнің жасаушылары, индексі мен жанры туралы ақпарат көрсетілетін, оны прокаттауға негіз болатын құжат.

2. Фильмге прокаттау куәлігін беруді уәкілетті орган өзі бекіткен нысан бойынша жүзеге асырады.

3. Фильмге прокаттау куәлігін алу үшін өтініш беруші:

1) уәкілетті орган басшысының атына өтінішті;

2) өтініш берушінің фильмге немесе оны пайдалануға құқығын

растайтын құжаттарды; шет тіліндегі құжаттарға қазақ және (немесе) орыс тілдерінде нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі;

3) фильмнің аннотациясын;

4) отандық немесе бірлесіп түсірілген фильмдерде пайдаланылатын туындылар туралы мәліметтерді ұсынуы қажет.

4. Фильмге прокаттау куәлігін алуға өтініш түскен күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Өтінішті қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган өтініш берушіге фильмді прокаттау куәлігін береді.

5. Уәкілетті орган өтініш берушіге фильмді прокаттау куәлігін беруден мынадай негіздер бойынша:

1) өтініш беруші дәйексіз немесе бұрмаланған ақпарат берсе;

2) өтініш беруші осы баптың 3-тармағының талаптарына сай келмейтін құжаттарды табыс етсе;

3) фильмнің мазмұны Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, ұлттық араздықты қоздыруды насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған жағдайда, бас тартуы мүмкін. 6. Фильмге прокаттау куәлігін беру үшін бұдан бұрын негіз болған фильм туралы ақпараттың дәйексіздігі және (немесе) бұрмаланғандығы анықталған жағдайда, уәкілетті орган фильмді прокаттау куәлігін сот тәртібімен кері қайтарып алуға құқылы.

28-3-бап. Фильмдердің индекстері

1. Қазақстан Республикасында шығарылған барлық фильмдер мен Қазақстан Республикасының аумағына прокаттау және көпшілікке демонстрациялау мақсатымен әкелінетін (жеткізілетін) фильмдер көрермендердің жас шегіне қарай индекстеледі.

Фильмдердің мынадай индекстері белгіленеді:

1) «К» - әртүрлі жастағы көрермендерге арналған фильмдер;

2) «БА» - он екі жасқа толған балаларға көрсетуге рұқсат берілген фильмдер;

3) «Б14» - он төрт жасқа дейінгі балаларға ата-аналарымен бірге көруге ұсынылатын фильмдер;

4) «Е16» - он алты жасқа дейінгі көрермендерге ата-аналарымен бірге көруге ұсынылатын фильмдер;

5) «Е18» - он сегіз жастан асқан көрермендерге арналған фильмдер;

6) «НА» - жиырма бір жасқа толған көрермендерге ғана арналған фильмдер.

2. «НА» индексті фильмнің жариялы көрсетіліміне (демонстрациясына) жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін осы мақсаттарға арналған кинозалдар мен өзге орындарда жол беріледі.

Телеарналарда (шетелдік телеарналарды қоспағанда) «Е 18» индексті фильмді – жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін, «НА» индексті фильмді жергілікті уақытпен сағат нөлден таңғы сағат 06-ға дейін көрсетуге жол беріледі.

3. Фильмге прокаттау куәлігін алған және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында фильмдер прокатын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрерменді фильмнің индексі туралы хабардар етуге міндетті.

4. Фильмнің индексі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға сәйкес көрсетілуге және тұтынушылар үшін қолжетімді болуға тиіс.

28-4-бап. Фильмдерді прокаттау тілі

1. Қазақстан Республикасының аумағында барлық фильмді прокаттау қазақ тілінде және басқа да тілдерде жүзеге асырылады.

2. Ұлттық фильмдерді прокаттау қазақ тілінде және қажеттігіне қарай басқа да тілдерде жүзеге асырылуға тиіс.

3. Шетел телеарналарынан ретрансляцияланған фильмдерді қоспағанда, прокаттау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (жеткізілетін) барлық фильмдерге 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қазақ тілінде дубляж жасалуға тиіс.

28-5-бап. Фильмдердің түрлері

1. Фильмдер түрлері бойынша мыналарға бөлінеді:

1) анимациялық фильм - графикалық әдістерді және бейнелеу өнері тәсілдерін, сондай-ақ компьютерлік графика мүмкіндіктерін пайдалану жолымен қимылдар мен көріністер жандандырыла отырып жасалатын фильм;

2) деректі фильм - режиссер операторлық өнер, монтаждық құрау құралдарымен және басқа да құралдармен түсіндіретін өзекті оқиғалар, шындық фактілері жинақталып көрсетілген сценарий желісінің негізінде жасалатын фильм;

3) ойын фильмі - сценарийдің негізінде жасалатын және актер ойыны, режиссура, операторлық өнер, қоюшы-суретшінің, композитордың және кинематография саласындағы басқа да қатынас субъектілерінің шығармашылығы құралдарымен іске асырылатын фильм;

4) хроникалы фильм - өзекті оқиғалар мен шындық фактілері көрсетілген фильм.

2. Бейнелеуді көрсету тәсілдері бойынша фильмдер кинофильмдерге, телевизиялық фильмдерге және бейне-фильмдерге бөлінеді.

3. Ұзақтығы алпыс минуттан кем емес фильм толық метражды болып табылады, ұзақтығы алпыс минутқа жетпейтін фильм қысқа метражды фильм болып табылады.

28-6-бап. Фильмдердің және киношежіренің бастапқы материалдарын сақтау

1. Мемлекет ұлттық фильмдерді, бірлесіп түсірілген фильмдерді және киношежірені, оның ішінде ұлттық мәдени игіліктің ажырамас бөлігі ретінде ұлттық фильмдердің және киношежіренің бастапқы материалдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

2. Ұлттық фильмдердің бастапқы материалдары Фильмдердің мемлекеттік қорына тұрақты сақтауға беріледі.

3. Қазақстан Республикасының аумағына көшірмесін жасау, таралымын көбейту, прокаттау және көрсету үшін әкелінетін (жеткізілетін) бірлесіп түсірілген фильмдердің бастапқы материалдары да Фильмдердің мемлекеттік қорына тұрақты сақтауға беріледі.

4. Фильмдердің мемлекеттік қоры ұлттық фильмдердің, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (жеткізілетін) бірлесіп түсірілген фильмдердің бастапқы материалдарын сақтау кезінде фильмдердің бастапқы материалдарына олардың құқық иелерінің еркін және өтеусіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

5. Киношежіренің бастапқы материалдары Кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік мұрағатына тұрақты сақтауға беріледі, ол киношежіренің бастапқы материалдарына олардың құқық иелерінің еркін және өтеусіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

6. Негатив, контрапип, бейне негативі, фонограмма негативі, эталонды көшірме, қондыру роликтері, паспорттары мен олардың жазбалары, фильмнің бақылау көшірмесі, қайта жазбалардың, музыканың, шулардың магнитті фонограммаларының түпнұсқасы, бейнефонограмма-мастер, компакт-диск және фильмнің кез келген материалдық нысандағы таралымын көбейту үшін қажетті өзге де материалдар фильмнің және киношежіренің бастапқы материалдарына жатады.

29-бап. Шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың гастрольдік қызметі

1. Шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың Қазақстан Республикасының аумағындағы гастрольдік қызметі шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Шетелдік гастрольдерді шығармашылық ұжымдар мен жекелеген орындаушылар авторлық құқықтың және сабақтас құқықтардың сақталуын қамтамасыз ететін шарттар негізінде өткізеді.

30-бап. Халық көркем шығармашылығы

1. Халық көркем шығармашылығы – халық көркем шығармашылығы шеберлерінің шығармашылық қол еңбегі және (немесе) механикаландырылған еңбегі процесінде белгілі бір жерде халық өнері дәстүрлерін ұжымдасып игеру және сабақтастықпен дамыту

негізінде жүзеге асырылатын халық шығармашылығы нысандарының бірі, әсемдік мақсаттағы көркем бұйымдар жасау жөніндегі қызмет.

2. Бұйымдарды халық көркем шығармашылығы бұйымдарына жатқызу халық көркем шығармашылығы жөніндегі көркемдік-сарапшылық кеңестердің қорытындылары негізінде жүзеге асырылады.

3. Халық көркем шығармашылығы саласындағы қызметті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады.

31-бап. Мәдениет саласындағы қызметті қаржыландыру

1. Мемлекеттік мәдениет мекемелерін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдаланылатын, бюджет қаражаты және қайырымдылық, демеушілік көмек түрінде түсетін қаражат және өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік мәдениет мекемелерін қоспағанда, мәдениет ұйымдарын қаржыландыру қызметтер көрсету, құрылтайшылардың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Мәдениетті дамыту қорлары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік емес қаражаттарды тартуы мүмкін.

6-тарау. Мәдени құндылықтар және ұлттық мәдени игілік

32-бап. Мәдени құндылықтар

Мәдени құндылықтарға:

1) археологиялық ескерткіштер, археологиялық олжалар (кәдуілгі және құпияларын қоса алғанда) және археологиялық жаңалықтар;

2) өсімдіктер мен жан-жануарлардың, минералогияның, анатомияның сирек коллекциялары мен үлгілері және палеонтология үшін қызығушылық тудыратын заттар;

3) ғылым мен техника тарихын, соғыстар мен қоғам тарихын, ұлттық мәдениет тарихын қоса алғанда, тарихқа қатысты, сондай-ақ ұлттық ғылым, мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің, ойшылдардың, ғалымдардың, ақын-жазушылар мен әртістердің өмірімен және ірі ұлттық оқиғалармен байланысты құндылықтар;

4) жекелей немесе коллекциялардағы, айрықша қызығушылық тудыратын сирек қолжазбалар, көне кітаптар (тарихи, көркем, ғылыми, әдеби), құжаттар және басылымдар;

5) жекелей немесе коллекциялардағы елу немесе одан көп жыл бұрын шығарылған почта маркалары, салықтық және осы тәрізді маркалар;

6) қорытпасына немесе дайындалған металына қарамастан, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының тиындарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттердің дайындалғанына жүз жыл болмаған тиындарын қоспағанда, тиындар, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық материалдар;

7) көне және бірегей музыкалық аспаптар;

8) дыбыс, фото, бейне, кино мұрағаттарын қоса алғанда, мұрағаттар, мұрағат қорлары мен коллекциялар, сондай-ақ ғылыми-техникалық құжаттама;

9) тарихи-мәдени маңызы бар өнер туындылары;

10) этнографиялық, антропологиялық, этнологиялық және палеонтологиялық материалдар;

11) айрықша тарихи және мәдени құндылығы бар, жасалғанына жүз жылдан асқан көне заттар;

12) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғам және мемлекет дамуымен, ғылым мен техника тарихымен, сондай-ақ көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер, соның ішінде мұражай заттары және мұражай коллекциялары;

13) кез келген негіздегі және кез келген материалдан жасалған қол жұмысының полотнолар, картиналар және суреттер түріндегі көркем құндылықтары (сызбаларды және өнеркәсіп бұйымдарын, қолдан жасалған әшекей заттарды қоспағанда);

14) мүсін өнерінің кез келген материалдан жасалған соны туындылары;

15) бірегей гравюралар, эстамптар және литографиялар;

16) бөлшектенген көркем және тарихи ескерткіштердің және археологиялық орындардың құрамдас бөліктері жатады.

33-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімі

1. Мәдени мұраны сақтау мақсатында осы Заңның 32-бабында аталған, айрықша құндылығы бар объектілер Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

2. Жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ ескерткіштерді (тарихи, археологиялық, сәулет және басқа) зерделеумен айналысатын зерттеу ұйымдары уәкілетті органға Мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын объектілер туралы мәліметтер беруге міндетті. Жаңа объектілер мен заттардың анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар ақпарат ұсынылады.

3. Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың объектілерді Мемлекеттік тізілімге енгізу туралы өтінімдері уәкілетті органның қарауы үшін міндетті болып табылады. Аталған өтінімдердің берілуі мұндай

объектілерге мәселе мәнісімен шешілгенге дейін, бірақ екі айдан аспайтын уақытқа, ерекше режимді уақытша беру үшін негіз болып табылады.

34-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі

1. Кешенді түрде ерекше көркемдік немесе тарихи мүдделілік туғызатын коллекцияларды немесе заттар жиынын бөлшектеуге болмайды.

Мемлекеттік тізілімге енгізілген ұлттық-мәдени игілік объектілерін уәкілетті органның әрбір нақты объект бойынша өзі құратын сарапшы комиссиясының ұсынымы негізінде беретін арнайы рұқсатынсыз жоюға, басқа жерге ауыстыруға, өзгертуге, түрлендіруге немесе реставрациялауға жол берілмейді.

2. Ұлттық-мәдени игілік объектілерін тарихи, көркемдік және діни мақсатына сай емес қандай да бір тұрғыда пайдалануға жол берілмейді. Діни-табыну ұйымдарына тиесілі және ұлттық-мәдени игілік объектілері болып табылатын заттар олардың табынушылық мақсаты ескеріле отырып пайдаланылуы мүмкін.

3. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің айрықша режимі авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілеріне қолданылмайды.

4. Сәулет ескерткіштерін пайдаланудың басым құқығы мәдениет мекемелеріне тиесілі.

5. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің жай-күйін тиісінше ұстап тұру және сақтау жөніндегі міндеттер оларды пайдаланушыларға немесе меншік иелеріне жүктеледі. Аталған міндеттің сақталмауы берілген құқықты сот тәртібімен өтемді негізде алып қоюға әкеліп соғады. Меншік иелерінің немесе пайдаланушылардың ұлттық-мәдени игілік объектілерін күтіп-ұстауға материалдық немесе өзге де мүмкіндіктері болмаған кезде, шығыстарды мемлекет өзіне алады.

Ұлттық-мәдени игілік объектісі меншік иесінің құқықтарын іске асыру, Қазақстан Республикасының ұлттық-мәдени игілік объектілері сатылған жағдайда, оларды мемлекет иеленуінің басым құқығы көзделіп, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген бақылаумен және тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Мемлекет меншігіндегі ұлттық-мәдени игілік объектілері иеліктен шығаруға жатпайды.

7. Ұлттық-мәдени игілік объектілері мен заттарын қасақана жойғаны, бұзғаны немесе бүлдіргені үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

35-бап. Мәдени құндылықтарды әкету және әкелу

1. Уақытша экспозиция, гастрольдік қызмет, реставрациялау

жұмыстары және ғылыми зерттеулер, тұсаукесерлер, көрмелер және халықаралық мәдени іс-шаралар өткізу жағдайларын, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өзге де жағдайларды қоспағанда, мәдени құндылықтарды және ұлттық-мәдени игілік объектілерін Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге тыйым салынған.

2. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге заңсыз әкетілген және (немесе) оның аумағына заңсыз әкелінген мәдени құндылықтар мен ұлттық-мәдени игілік объектілері міндетті түрде қайтарылуда жатады. Бұл ретте заңсыз әкетіліп, қайтарылған, сондай-ақ соттың шешімімен тәркіленген мәдени құндылықтар тиісті бейіндегі республикалық маңызы бар мемлекеттік мұражайларға тапсырылуға тиіс.

3. Автордың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге уақытша немесе тұрақты тұруға баратынына қарамастан, өзі жасаған мәдени құндылықтарды әкетуге құқығы бар.

4. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету қағидалары шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында жасаған объектілеріне де қолданылады.

5. Егер бұл іс-әрекеттер мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуге және әкелуге ықпал етуі мүмкін болса, мәдени құндылықтар иелерінің аталған құндылықтарды иелену, пайдалану және иелік ету жөніндегі құқықтарын басқа біреуге беруіне жол берілмейді.

36-бап. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету тәртібі мен шарттары

1. Заттардың меншік иесі не меншік иесі оған уәкілеттік берген тұлға мәдени құндылықтарды уақытша әкетуді жүзеге асыруы мүмкін.

2. Заңды тұлғалар мәдени құндылықтарды уақытша әкетуі кезінде олардың әкетілетін заттарға меншік құқығы құжаттамамен расталуы қажет.

3. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету, сондай-ақ олардың қайтарылуы мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы жүзеге асыратын сараптама негізінде жүзеге асырылады.

4. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2012.10.07. Заңымен.

5. Мәдени құндылықтардың елден тысқары жерлерде болу мерзімі алты айдан асуы мүмкін емес.

6. Алып тасталды – Қазақстан Республикасының 2012.10.07. Заңымен.

7-тарау. Мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық

37-бап. Мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Шығармашылық ұжымдарды, мамандарды, мәдени құндылықтарды және мәдениет саласындағы қызмет нәтижелерін, сондай-ақ мәдениеттің түрлі салаларындағы ұйымдастырушылық қызмет тәжірибесін алмасуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді.

38-бап. Мәдениет саласындағы халықаралық ұйымдарға қатысу

1. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес халықаралық коммерциялық емес мәдени бірлестіктердің филиалдары, өкілдіктері құрылуы мүмкін.

2. Мәдениет ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес және өздерінің құрылтай құжаттарында айқындалатын тәртіппен осы баптың 1-тармағында аталған бірлестіктерге кіруге, сондай-ақ қайырымдылық мақсаттағы нысаналы түсімдерге билік етуге құқығы бар.

8-тарау. Қорытынды ережелер

39-бап. Мәдениет саласындағы заңнаманың бұзылғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

40-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. «Мәдениет туралы» 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж. № 22, 406-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті

Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы
13 тамыздағы № 381 Жарлығы

Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы жетістіктері үшін мемлекеттік сыйлық беру жүйесін жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы және Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы ереже*;

2) Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ереже;

3) Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия туралы ереже*;

4) Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамы;

5) Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның құрамы*;

6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы лауреатының дипломы мен омырау белгісінің сипаттамасы бекітілсін*.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

* Төменде мәдениет саласына қатысты қосымшалар берілген

Қазақстан Республикасы Президентінің
2007 жылғы 13 тамыздағы
№ 381 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан
Республикасының мемлекеттік сыйлықтары туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы және Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы (бұдан әрі – Мемлекеттік сыйлық және мемлекеттік сыйлықтар) ғылым, техника, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің еңбегін қоғам мен мемлекет алдында жоғары тану болып табылады.

2. Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы Қазақстан Республикасының азаматтарына:

республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуын айтарлықтай жеделдетуге, қазақстандық ғылым мен техниканың әлемдегі озық жетістіктер деңгейіне шығуына әкелетін іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы аса үздік нәтижелер үшін;

қоғамға кеңінен танылған бір саладағы ғылыми жаңалықтар, монографиялар мен ғылыми жұмыстар үшін;

техниканың, материалдардың және технологиялардың әлемдік аналогтар немесе одан жоғары деңгейдегі жаңа түрлерін әзірлегені және өндіруді ұйымдастырғаны үшін;

экономиканың түрлі салаларында мемлекеттік кұпияларға жатқызылған мәліметтері бар мүлдем жаңа бұйымдар, технологиялық үрдістер әзірлегені және жасағаны үшін беріледі.

Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы отандық мәдениетті дамытуға ерекше бағалы үлес деп танылған әдебиет пен өнер саласындағы аса үздік шығармалары үшін беріледі.

3. Мемлекеттік сыйлықтарды Қазақстан Республикасының Президенті Тәуелсіздік күніне береді.

Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы 2007 жылдан бастап беріледі.

Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы 2008 жылдан бастап беріледі.

Екі жылда бір рет үш Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы және үш Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы беріледі.

4. Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия және Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссиялар) қарайды.

Комиссиялардың құрамы мен олар туралы ережелер Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік сыйлық ақшалай сыйақыдан, Мемлекеттік сыйлық лауреатының дипломынан және омырау белгісінен тұрады. Мемлекеттік сыйлық лауреаты дипломының және омырау белгісінің сипаттамасы Қазақстан Республикасы Президенті актісімен бекітіледі.

Комиссиялар мемлекеттік сыйлықтардың ақшалай сыйақы мөлшерлерін олар берілетін жылы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген сома шегінде айқындайды.

Дипломдар мен төсбелгісін дайындауға, сараптама жүргізуге байланысты шығыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

6. Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алуға ұсынылатын ғылыми еңбектер жариялануы, ал техниканың жаңа түрлері, материалдар мен технологиялар Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған сәтке кемінде екі жыл бойы өндірісте игерілуі тиіс.

Әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алуға жұмыстарды қабылдау аяқталғанға дейін бес жылдан әрі емес

және кемінде бір жыл бұрын көпшілік айналым үшін орындалған бір автордың немесе авторлар ұжымының жұмыстары ұсыныла алады.

Жұмыс Мемлекеттік сыйлық алуға бір рет ұсынылады.

Бұрын Қазақстан Республикасы сыйлықтарына ие болған жұмыстар Мемлекеттік сыйлық алу конкурсына қатысуға жіберілмейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы лауреатының жаңа жетістіктері болған ретте бұл сыйлық оған қайтадан, бірақ көрсетілген сыйлық осының алдында берілгеннен кем дегенде бес жылдан кейін берілуі мүмкін.

Бір автор немесе авторлар ұжымы мемлекеттік сыйлыққа қатарынан екі рет ұсыныла алмайды.

7. Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылатын ізденушілер ұжымы 8 адамнан аспауға тиіс.

Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылатын ізденушілер ұжымы 5 адамнан аспауға тиіс.

Бір ізденушінің кандидатурасы Мемлекеттік сыйлыққа екі және одан да көп жұмыстар бойынша ұсыныла алмайды.

8. Жұмыстарды Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынуды мемлекеттік органдарының алқалары, ғылыми, оқу ұйымдарының ғылыми, ғылыми- техникалық, ғалымдар кеңестері мен басқа да алқалық органдары, шығармашылық одақтар мен ұжымдар жүргізеді.

Жұмыстарды Мемлекеттік сыйлық алуға ұсыну туралы шешім осы органдардың қызметін реттейтін регламенттер мен басқа да актілерде белгіленген тәртіппен қабылданады.

9. Мемлекеттік сыйлық алуға жұмыстарды қабылдау туралы хабарландырулар мен оларды ресімдеу жөніндегі талаптар бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

10. Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алуға ұсынылған жұмыстар бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізіледі.

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:

ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтарды алуға ұсынылған жұмыстарды сыйлық берілетін жылдың 1 ақпанына дейін қабылдайды;

мемлекеттік сыйлықтарды алуға ұсынылған, келіп түскен жұмыстарды комиссиялардың қарауына ұсынады.

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сыйлықтар беру туралы Қазақстан Республикасы Президенті актісінің жобасын олар берілетін жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізеді.

13. Мемлекеттік сыйлықты Қазақстан Республикасының Президенті салтанатты жағдайда тапсырады.

14. Мемлекеттік сыйлық ұжымға берілген кезде оның ақшалай сыйақысы авторлары арасында теңдей бөлінеді.

15. Тұлға мемлекеттік сыйлық алуға ұсынғаннан кейін қайтыс болған жағдайды қоспағанда, Мемлекеттік сыйлық қайтыс болғаннан кейін берілмейді.

Бұл жағдайда қайтыс болған лауреаттың дипломы, төсбелгісі мен ақшалай сыйақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұра бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2007 жылғы 13 тамыздағы
№ 381 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығын беру
жөніндегі комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын (бұдан әрі - Мемлекеттік сыйлық) алуға ұсынылатын жұмыстарды қарау және іріктеу мақсатында құрылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы ережені басшылыққа алады.

3. Секциялардан тұратын Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Комиссияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы басқарады.

4. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі болып табылады.

2. Комиссия қызметінің тәртібі және оны ұйымдастыру

5. Комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы ережеге сәйкес оның жұмысын ұйымдастырады және Комиссия мүшелерінің қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

7. Комиссияның хатшысы жұмыс органы дайындаған құжаттар мен материалдарды Комиссияның қарауына ұсынады.

8. Комиссияның отырыстары Комиссияның төрағасы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар Комиссия төрағасының шешімі бойынша қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Комиссия мен оның секцияларының отырыстары олардың

мүшелерінің жалпы санының үштен екісі болған кезде заңды болып табылады. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

9. Әрбір номинация бойынша Комиссияның шешімдері жай көпшілік дауыспен:

алдын ала іріктеу кезінде ашық дауыс берумен;

түпкілікті іріктеу кезінде жасырын дауыс беруімен қабылданады.

Егер жасырын дауыс беру қорытындылары бойынша біреуден артық жұмыстар бірдей дауыстар санын алатын болса, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

10. Мемлекеттік сыйлық алуға Комиссия мүшелерінің жұмыстары ұсынылған жағдайда олар Комиссияның және оның секциясының жұмысына қатыспайды.

11. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылатын жұмыстарды алдын ала және түпкілікті іріктеуді жүргізеді;

Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылатын жұмыстарды рецензиялауға әдебиет пен өнер саласындағы мамандарды тартады;

Комиссия мүшелерін Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылатын жұмыстармен танысу үшін олар орналасқан жерлерге жібереді.

12. Комиссияның жұмыс органы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылатын жұмыстарды ресімдеуге қойылатын жалпы талаптарды әзірлейді;

Мемлекеттік сыйлық берілетін жылы Комиссияның атынан Мемлекеттік сыйлық алуға жұмыстарды қабылдау туралы хабарландыруды, оларды ресімдеу жөніндегі талаптарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

Мемлекеттік сыйлық алуға үміткерлердің жұмыстарын қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады;

алдын ала іріктеуден өткен жұмыстарды ұсынған авторлар мен ұйымдарды көрсете отырып, осы жұмыстардың тізімін кеңінен талқылау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарға келіп түскен пікірлерге талдау жүргізеді және нәтижелерін Комиссияға ұсынады;

ұсынылған жұмыстарды Комиссияның қарау қорытындылары бойынша Мемлекеттік сыйлық беру туралы Қазақстан Республикасы Президенті актісінің жобасын белгіленген тәртіппен әзірлейді;

Мемлекеттік сыйлық лауреаттарының дипломдарын және омырау белгілерін дайындауды, лауреаттарға Мемлекеттік сыйлықтың ақшалай сыйақысын төлеуді қамтамасыз етеді.

13. Комиссияның қызметін тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2007 жылғы 13 тамыздағы
№ 381 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ**

- | | | |
|---|---|--|
| Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы | - | төраға |
| Қазақстан Республикасының
Президенті Әкімшілігі
Басшысының орынбасары | - | төрағаның орынбасары |
| Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрі | - | төрағаның орынбасары |
| Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
вице-министрі | - | хатшы |
| әдебиет секциясы | | |
| Қасқабасов
Сейіт Асқарұлы | - | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі Ғылым комитетінің «М.О.Әуезов
атындағы Әдебиет және өнер институты»
республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының фольклортану бөлімінің
меңгерушісі, филология ғылымдарының
докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық
ғылым академиясының академигі, Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, секция төрағасы (келісім бойынша) |
| Абдрахманов Сауытбек | - | «Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
акционерлік қоғамының президенті, филология
ғылымдарының докторы (келісім бойынша) |
| Асқаров
Әлібек Асылбайұлы | - | жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
(келісім бойынша) |
| Әбдезұлы Қансейіт | - | әдебиеттанушы, филология ғылымдарының
докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар
одағы басқармасының мүшесі (келісім бойынша) |
| Әбдіқұлы Төлен | - | жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |

- Есдәулетов
Ұлықбек Оразбайұлы - «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Жолдасбеков Мырзатай - әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)
- Исабеков Дулат - жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Кекілбаев Әбіш - халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Қалижанов Уәлихан - жазушы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша)
- Михайлов
Валерий Федорович - «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Простор» журналының бас редакторы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан және Ресей жазушылар одақтарының мүшесі (келісім бойынша)
- Байғұт Мархабат - жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі (келісім бойынша)
- Оразалин
Нұрлан Мырқасымұлы - «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Смайыл
Алдан Зейноллаұлы - жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының лауреаты, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Шаштайұл Жұмабай - жазушы, «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жанындағы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы (келісім бойынша)
- Ысқақбай Маралбай
Ысқақбайұлы - жазушы, «Қазақстан авторлары қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (келісім бойынша)

музыка, театр және кино секциясы

- Дінішев
Әлібек Мұсаұлы - КСРО және ҚазКСР-інің халық әртісі,
Қазақстан Республикасы Тұңғыш
Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік
және прогресс сыйлығының лауреаты,
секция төрағасы (келісім бойынша)
- Андриасян
Рубен Суменович - Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің
«М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік
академиялық орыс драма театры»
республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының көркемдік жетекшісі,
Қазақстан Республикасының халық әртісі,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Аравин
Юрий Петрович - музыкатанушы, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (келісім бойынша)
- Ахмадиев
Мұрат Абдуреимұлы - Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан
Республикасы Парламенті Мәжілісінің
депутаты (келісім бойынша)
- Әубәкірова
Жәния Яхияқызы - Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі «Құрманғазы
атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы»
мемлекеттік мекемесінің ректоры,
профессор, Қазақстан Республикасының
халық әртісі, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
(келісім бойынша)
- Әшімов Асанәлі - КСРО және ҚазКСР-інің халық әртісі,
КСРО және ҚазКСР мемлекеттік
сыйлықтарының лауреаты (келісім
бойынша)
- Вовнянко
Игорь Александрович - «Қазақстан Кинематографистер одағы»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Жаманқұлов
Тұңғышбай - «Қазақстан Театр қайраткерлерінің одағы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
төрағасы, Қазақстан Республикасының
халық әртісі, КСРО Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

- Қыдырбек Балнұр Балғабекқызы - «Қазақстан композиторлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, композитор (келісім бойынша)
- Мұсақожаева Айман Қожабекқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қазақ ұлттық өнер университеті» мемлекеттік мекемесінің ректоры, профессор, ҚазКСР-інің халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Мұхамедиұлы Арыстанбек - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы» мемлекеттік мекемесінің ректоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (келісім бойынша)
- Нарымбетов Сатыбалды Жәлелұлы - кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Сығай Әшірбек Төребайұлы - театртанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор (келісім бойынша)
- Тарази (Әшімов) Әкім Ұртайұлы - жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Тұтқыбаева Гүлжан Ұсамбекқызы - балетмейстер, Қазақстанның халық әртісі (келісім бойынша)
- Тілеухан Бекболат Қанайұлы - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Үсенбаева Нұржамал Пернебекқызы - Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

бейнелеу өнері және сәулет секциясы

- | | | |
|------------------------------------|---|--|
| Рүстембеков
Ақмырза Исаұлы | - | «Қазақстан Сәулетшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның құрметті сәулетшісі, секция төрағасы (келісім бойынша) |
| Әлиев
Дулат Қапбарұлы | - | кескіндемеші, Ш. Уәлиханов атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Дүзелханов
Ағымсалы | - | кескіндемеші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Ерғалиева
Райхан Әбдешқызы | - | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі, өнертану докторы, ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық көркемдік сыншылар қауымдастығының мүшесі (келісім бойынша) |
| Жүнісов
Сәрсенбек
Ендібайұлы | - | «Астана қаласының сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы, Астана қаласының бас сәулетшісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Зәуірбекова
Бәтима Есмұратқызы | - | суретші-гобеленші, Ш. Уәлиханов атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |
| Құмарова
Сәбила Бекжанқызы | - | өнертанушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша) |
| Сергебаев
Ескен Аманжолұлы | - | суретші-мүсінші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ш. Уәлиханов атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша) |

- Сүлейменов
Тимур Бимашұлы - «Қазақстан Дизайнерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші-дизайнер (келісім бойынша)
- Тәтіғұлов
Әбдісағит
Шаймұханбетұлы - «KAZGOR» жобалау академиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- Твердохлебов
Владимир Сергеевич - суретші-монументалист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша)
- Төлепбай
Ерболат Тоғысбайұлы - суретші, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің
2007 жылғы 13 тамыздағы
№ 381 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығы лауреатының дипломы мен омырау белгісінің
СИПАТТАМАСЫ**

1. Ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы лауреатының дипломы:

- 1) көлемі 330 x 115 мм қатты мұқабадан;
- 2) көлемі 320 x 110 мм жапсырма беттен тұрады.

Дипломның мұқабасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес былғарыдан жасалады.

Мұқабада алтын түспен батыңқы түсірілген:

1) үстіңгі жағында – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

- 2) Мемлекеттік Елтаңбаның төменгі жағында – мемлекеттік тілде:
«Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығы лауреатының
ДИПЛОМЫ»

деген жазу орналасады*.

2. Жапсырма бет баспаханалық әдіспен арнайы, қорғау дәрежелері бар, көк түсті қағазда басылып шығарылады.

Жапсырманың сыртқы жағында:

1) үстіңгі жағында – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

- 2) Мемлекеттік Елтаңбаның төменгі жағында – мемлекеттік тілде:
«Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығы лауреатының
ДИПЛОМЫ»

деген жазу орналасады*.

Жапсырма беттің ішкі екі жағының ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының фондық бейнесі салынған.

Жапсырма беттің ішкі сол жағында мемлекеттік тілде:

«Қазақстан Республикасы Президентінің жылғы
№ Жарлығымен
«жұмыстың атауы»

жұмысы үшін ғылыми дәрежесі

ТЕГІ АТЫ ӘКЕСІНІҢ АТЫ
_____ САЛАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ _____ ЖЫЛҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛДІ»

деген мәтін жазылған.

Төменде:

«Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев» деген сөздер орналасқан.
Оның төменгі сол жағында дипломның нөмірі көрсетілген.
Қосымша беттің ішкі оң жағында орыс тілінде:
«Указом Президента Республики Казахстан
от _____ года №

ПРИСУЖДЕНА
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРЕМИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В ОБЛАСТИ _____

_____ ГОДА
за работу «наименование работы»
ФАМИЛИЯ ИМЯ ОТЧЕСТВО
ученая степень»

деген сәйкес мәтін жазылған.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы лауреатының омырау белгісі төрт бұрышты планкаға ілгішпен бекітілген, диаметрі 25 мм, қалыңқығы 2 мм шеңбер түрінде алтындатқан жезден дайындалған.

25 мм x 15 мм көлеміндегі планкаға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес қатқыл лента, планканың сыртқы жағында - визорлы кілтті түйреуіш бекітілген.

Омырау белгісінің шығыңқы бедерлі жылтырақ үстіңгі бетінде: төменде - шарықтаған қыран, ортасында - күн шапағы аясындағы «алтын адам» бейнелері бар. Омырау белгісінің сыртқы жағында «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ» деген бедерлі жазу және нөмір орналасқан*.

* қосымшалар берілмеген

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына,
жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық
ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе берудің қағидасы
мен шарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы
10 мамырдағы № 76 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе берудің қағидасы мен шарттары бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Қазақстан Республикасы Президентінің
2011 жылғы 10 мамырдағы
№ 76 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген
кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға
«Ұлттық» мәртебе берудің
ҚАҒИДАСЫ МЕН ШАРТТАРЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе берудің қағидасы мен шарттары (бұдан әрі – Қағида) «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе берудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

**2. «Ұлттық» мәртебе алуға үміткер мемлекеттік
мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем,
шығармашылық ұжымдарға қойылатын талаптар**

2. «Ұлттық» мәртебе қызметі мәдениет саласында ерекше мемлекеттік және қоғамдық мәнге ие және мынадай талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға беріледі:

1) мына:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен берілген «Академиялық» мәртебесі бар;

елде және шетелде жылына кемінде алпыс концерт өткізетін концерттік ұйымдар, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдар;

жаңа қойылымдарды қоса алғанда, жылына кемінде екі жүз спектакль көрсетуді жүзеге асыратын театрлар;

жеке тұрған ғимараты бар театрлар, концерттік ұйымдар, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдар;

2) мына:

кемінде жиырма бес жыл тұрақты және тиімді қызметті жүзеге асырып келе жатқан;

өз қызметінде кәсіпқойлықты, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін инновациялар енгізетін;

жеке тұрған ғимараты бар;

халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысатын;

мұражайларда мұражай қорының құрамында ұлттық мәдени игілік болып табылатын мәдени құндылықтардың кемінде он пайызы бар;

кітапханаларда кітапхана қорының құрамында кемінде он пайызы ұлттық мәдени игілік болып табылатын сирек қолжазбалардың, көне кітаптардың, құжаттар мен басылымдардың коллекциялары бар мұражайлар мен кітапханалар.

3. Театрларға, концерттік ұйымдарға, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе беру «Академиялық» мәртебе берілген сәтінен бастап кемінде он жыл өткен соң жүргізіледі.

3. «Ұлттық» мәртебе беру тәртібі

4. Республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының жетекшілері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының басшылары мәдениет саласындағы орталық уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) «Ұлттық» мәртебе беру туралы қолдаухат ұсынады.

Қолдаухатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) мемлекеттік мәдениет ұйымы, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжым қызметкерлерінің жалпы жиналысының «Ұлттық» мәртебе беруге ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірме;

2) мемлекеттік мәдениет ұйымының, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымның қызметі туралы Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесін көрсететін анықтама;

3) КСРО-ның және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар мәдениет қызметкерлері, шығармашыл қызметкерлер туралы мәліметтер;

4) «Академиялық» мәртебе берілген құжаттың көшірмесі (театрлар, концерттік ұйымдар, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдар үшін);

5) қызметі туралы республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат

құралдарында және шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдардың (кемінде он жарияланым) көшірмелері;

6) мәдениет саласындағы іс-шараларға (республикалық және халықаралық маңызы бар конкурстарға, фестивальдарға, көрмелерге) қатысқаны және (немесе) жүлделі орындар алғаны туралы куәландыратын құжаттардың көшірмесі.

5. Осы Қағиданың 4-тармағында көрсетілген құжаттар театрдың, концерттік ұйымның, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымның «Академиялық» мәртебе берілген сәттен бастап сіңірген еңбегін көрсетуге тиіс.

6. Қолдаухаттар ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде уәкілетті органның мекенжайына жіберілуге тиіс. Көрсетілген мерзімді бұза отырып жіберілген қолдаухаттар қарауға қабылданбайды.

7. Уәкілетті органның жанынан құрылған арнайы комиссияның ұсынымы негізінде 10 қазанға дейін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе беру туралы ұсыныс енгізеді.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық» мәртебе беру туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын қарауға енгізеді.

9. «Ұлттық» мәртебені Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияларды беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 4 сәуірдегі № 266 қаулысы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 6-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияларды беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 4 сәуірдегі
№ 266 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мәдениет саласындағы мемлекеттік
стипендияларды беру
ережесі**

1. Осы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияларды беру ережесі «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Мәдениет саласында мемлекеттік стипендиялар тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі № 369 Жарлығына сәйкес әзірленді және мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияларды беру тәртібін айқындайды.

2. Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиялар (бұдан әрі – мемлекеттік стипендиялар) Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған шығармашыл қызметкерлерді және мәдениет қызметкерлерін, сондай-ақ аса дарынды жас шығармашыл қызметкерлерді мемлекеттік қолдау мақсатында жыл сайын беріледі.

3. Мемлекеттік стипендиялар алуға мыналар:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, халық жазушысы, халық әртісі, халық суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атақтары бар немесе әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың, халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдер мен көрмелердің лауреаттары болып табылатын;

2) қазақстандық мәдениеттің дамуы үшін шығармашылық әлеуеті бар Қазақстан Республикасының азаматтары үміткер болады.

4. Мемлекеттік стипендияны мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жанынан арнайы құрылған Мемлекеттік стипендияларды беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Комиссия өз міндеттерін қоғамдық бастама негізінде орындайтын уәкілетті орган мен шығармашылық одақтардың өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

Комиссияның құрамы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және жеті адамнан кем болмауға тиіс.

Комиссияны төраға, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары басқарады.

5. Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияларды алуға ұсынылатын құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру құжаттарды қабылдау мерзімі басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шығармашылық одақтар мен мәдениет ұйымдары уәкілетті органға ағымдағы жылғы бірінші тамызға дейін мынадай құжаттарды: мемлекеттік стипендия алушыға берілген қолдау хат пен шығармашылық мінездемені қағаз немесе электронды түрде жібереді.

Мемлекеттік стипендия алушыға келіп түскен құжаттарды уәкілетті орган қабылдайды және бір күн мерзімде тіркеп, Комиссияның қарауына ұсынады. Комиссия отырысы ағымдағы жылғы бесінші қыркүйектен кешіктірілмей өткізіледі.

7. Комиссияның мемлекеттік стипендиялар беруге кандидатураларды бекіту туралы шешімі Комиссия отырысында қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс берумен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Егер Комиссия мүшелерінің үштен екісінен астамы қатысса, отырыс заңды деп есептеледі.

Комиссия шешімі хаттамамен (бұдан әрі – хаттама) ресімделеді және оған қатысып отырған Комиссия мүшелері қол қояды.

Уәкілетті орган тиісті жылға мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиялар беру туралы Қазақстан Республикасының Президенті актісінің жобасын хаттама көшірмесімен қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ағымдағы жылғы бірінші қазаннан кешіктірмей енгізеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті жылға мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиялар беру туралы Қазақстан Республикасының Президенті актісінің жобасын қарап, ағымдағы жылғы бірінші қарашадан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізеді.

Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 18 сәуірдегі № 310 қаулысы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы 6-бабының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 18 сәуірдегі
№ 310 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін
жүргізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы 6-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленді және Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) жүргізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Мемлекеттік тізілім Қазақстан Республикасының ұлттық мәдени игілік объектілері (бұдан әрі - ҰМИО), олардың орналасқан жері, сандық және сапалық сипаттамасы туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Мемлекеттік тізілімді мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) ұсынатын мәліметтері және (немесе) жеке және заңды тұлғалардың қолдау хаттары негізінде жүргізеді.

Жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ ескерткіштерді (тарихи, археологиялық, сәулет және басқалары) зерделеумен айналысатын зерттеу ұйымдары уәкілетті органға Мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын объектілер туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті. Жаңа объектілер мен заттардың анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар жаңа ақпарат ұсынылады.

2. Мемлекеттік тізілімді жүргізу тәртібі мен шарттары

4. Мемлекеттік тізілім ҰМИО-ның тізілімдік істері мен тізілім кітабын қамтиды.

5. Әрбір ҰМИО-ға бөлек тізілімдік іс ресімделеді және ол:

1) жергілікті атқарушы органдар растаған ҰМИО есеп карточкасының көшірмесін;

2) ҰМИО-ның мөлшері 10x15 сантиметр саны екі дана фотосуретін қамтиды.

6. Тізілім кітабына ҰМИО-ның атауы, орналасқан жері, сандық және сапалық сипаттамасы жөніндегі мәліметтер енгізіледі.

7. Тізілім кітабы тігілетін, нөмірленетін, жауапты тұлғаның қолы қойылатын, уәкілетті органның мөрімен бекітілетін журналды білдіреді.

Тізілім кітабы беттерінің нөмірлері толассыз болып табылады.

Тізілім кітабына қаламмен жазуға, оны шимайлауға, өшіруге, түзетуге, парақтарының жетіспеуіне жол берілмейді.

8. Тізілім кітабына енгізілетін әрбір ҰМИО-ға тізілім нөмірі беріледі. Тиісті ҰМИО-ға ресімделетін тізілімдік ісі осы нөмірге сәйкестендіріледі.

9. Мемлекеттік тізілім мемлекеттік және орыс тілдерінде, қағаз және электронды тасығыштарда жүргізіледі.

10. ҰМИО-ны мемлекеттік тізілімнен шығару жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері және (немесе) жеке және заңды тұлғалардың қолдау хаттары негізінде уәкілетті органның шешімі бойынша:

мәдени құндылығын жоғалтқан;

заттай толық жоғалған;

жоғалған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰМИО жоғалған кезде оның жоғалғандығын растайтын құжат қоса ұсынылады.

11. Мемлекеттік тізілімге енгізілген ҰМИО-ға ұлттық мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі қолданылады.

12. Мемлекеттік тізілім мерзімсіз сақталуға тиіс.

3. Қорытынды ережелер

13. Жергілікті атқарушы органдар уәкілетті органға осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді электронды және қағаз тасығыштарда береді.

14. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының сұрауы, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Мемлекеттік тізілімге енгізілген ҰМИО туралы мәліметтерді ұсынады.

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 30 мамырдағы № 440 қаулысы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының
2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 6-бабына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мәдени құндылықтарды уақытша әкету
құқығына куәлік беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он
күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 30 мамырдағы
№ 440 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мәдени құндылықтарды уақытша әкету
құқығына куәлік беру қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар мемлекеттік меншіктегі Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша әкетуге рұқсат беру тәртібін регламенттемейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мәдени құндылық – зайырлы және діни сипаттағы мәдени мұра заты, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар өзге де құндылықтар;

2) өтініш беруші – мәдени құндылықтарды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша әкету құқығына куәлік алу үшін жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

3) сараптама комиссиясы – облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы құрайтын мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі комиссия;

4) сараптама – сараптама комиссиясының уақытша әкетуге мәлімделген заттардың мәдени құндылығын айқындау мақсатында өткізетін рәсімі;

5) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясының қорытындысы – Қазақстан Республикасынан әкетілетін заттың мәдени құндылығын белгілейтін мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы беретін белгіленген үлгідегі құжат (бұдан әрі - қорытынды).

3. Уақытша экспозициялау, гастрольдік қызмет, реставрациялау жұмыстары мен ғылыми зерттеу, тұсаукесерлер, көрмелер және халықаралық мәдени іс-шаралар өткізу мақсатында мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығы үшін алты айдан аспайтын мерзімге мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығын беретін куәлікті (бұдан әрі – куәлік) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары береді.

Кедендік одақтың және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тыс жерлерге мәдени құндылықтарды уақытша әкету куәлік негізінде жүзеге асырылады.

2. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру тәртібі

4. Куәлікті алу үшін өтініш беруші облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
2) сараптамаға жататын мәдени құндылықтар ретінде қаралатын заттар;

3) мәдени құндылықтарға меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) қабылдаушы тараптың мәдени құндылықтардың болу мақсаттары мен шарттары туралы шартының көшірмесі;

5) мәдени құндылықтың А-5 үлгісіндегі алдыңғы және артқы жақтары шолынған екі фотосуреті;

6) азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* көшірмесі немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

7) заңды тұлғалар үшін – уақытша әкету кезеңіне мәдени

құндылықтардың сақталуы үшін белгілі бір тұлғаға жауапкершілік жүктеу туралы ұйым басшысының бұйрығы.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органдарына сараптамаға ұсынылған зат(тар) қабылдау және беру журналына тіркеледі.

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органдарының жауапты тұлғасы өтініш пен ұсынылған зат(тарды)ты сараптама комиссиясына сараптамаға жолдайды.

6. Сараптама комиссиясы ұсынылған құжаттар мен заттардың сараптамасын тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызын айқындау, түпнұсқалығын, авторлығын, атауын, жасалу орны мен уақытын, орындау материалы мен техникасын, мөлшерін (салмағын), өзгеше ерекшеліктерін, сақталу жағдайын жан-жақты талдау негізінде жүзеге асырады.

7. Сараптама қорытындысының негізінде сараптама комиссиясы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды ресімдейді.

8. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы оң шешім қабылдаса, өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік, ал теріс шешім қабылдаған жағдайда – дәлелденген бас тартуды жазбаша нысанда береді.

9. Куәлік беруден бас тартуға:

1) оларды реставрациялау мақсатында уақытша әкету жағдайларын қоспағанда, әкетілетін мәдени құндылықтардың қанағатсыз физикалық жай-күйі;

2) мәдени құндылықтың халықаралық және (немесе) мемлекеттік іздестіруде болуы;

3) мәдени құндылықтың уақытша әкету мақсатының осы Қағидалардың 3-тармағымен сәйкес келмеуі;

4) затта мәдени құндылықтың жоқ болуы туралы қорытынды.

10. Куәлік немесе оны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттар түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Сараптамаға ұсынылған зат(тар) өтініш берушіге қабылдау және беру журналына белгі қойып, қайтарылады.

11. Егер облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы белгіленген мерзімде өтініш берушіге куәлікті немесе куәлікті беруден дәлелді түрде бас тартуды

ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап куәлік берілді деп есептеледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы куәлік беру мерзімдері өткен күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге тиісті куәлікті береді.

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету
құқығына куәлік беру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

_____ (облыстың, республикалық маңызы
бар қала мен

_____ астананың жергілікті атқарушы органы)

_____ (өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің
аты немесе атауы)

ӨТІНІШ

Мәдени құндылықтарды

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____ мақсатында

_____ (елдің атауы және орналасқан жері)

уақытша әкету құқығына куәлік беруіңізді сұраймыз _____

Өтініш берушінің деректері: _____

(Т.А.Ә. туылған күні, азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің №,

_____ оның берілген күні, тұратын жері, байланыс телефондары немесе заңды
тұлғаның деректемелері)

Қолы _____
М.О.

Күні _____

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету
құқығына куәлік беру қағидаларына
2-қосымша

(облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті
атқарушы органы)

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі
сараптама комиссиясы

ҚОРЫТЫНДЫ

№ _____

_____ қаласы «___» _____ 20__ ж.

1. Өтініш беруші _____
(Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

2. Өтініш берушінің деректері: _____
(азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің №,
_____ оның берілген күні немесе заңды тұлғаның деректемелері)

3. Өтініш берушінің қызметі: _____

4. Әкетудің (уақытша әкетудің) мақсаты: _____

5. Сараптамаға _____ ұсынылды
(заттың атауы, жазбаша саны)

6. Заттың сипаттамасы: _____

(түпнұсқа, авторы, жасалған уақыты мен жері, материалы және

_____ орындалу техникасы, өлшемі, салмағы, сақталуы)

Қорытынды: _____

(мәдени құндылығы бар немесе жоқ,

_____ уақытша әкету мүмкіндігі туралы ұсыным)

Сараптама комиссиясының
төрағасы:
_____(Т.А.Ә.)
_____(Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері:
_____(Т.А.Ә.)
_____(Т.А.Ә.)
_____(Т.А.Ә.)

М.О.

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету
құқығына куәлік беру қағидаларына
3-қосымша

(облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы)

**Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына
КУӘЛІК**

_____ қаласы № _____ « _____ » _____ 20 ____ ж.

1. Өтініш беруші _____

(Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

2. Өтініш берушінің деректері: _____
(азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің №,

оның берілген күні немесе заңды тұлғаның деректемелері)

3. Өтініш берушінің қызметі _____

4. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясының қорытындысы _____

(облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы)

№ _____ 20 ____ ж. « _____ » _____

1) _____

(мәдени құндылықтың атауы)

2) _____

3) _____

мақсатында

(елдің атауы және ұйымның орналасқан жері)

20 ____ ж. « _____ » _____ 20 ____ ж. « _____ » _____ мерзіміне
Қазақстан Республикасынан тыс уақытша әкетуге рұқсат беріледі.

Уәкілетті тұлға _____

(Т.А.Ә. және қызметі)

М.О.

Қазақстан Республикасы
кеден органдарының белгісі

Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкаларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 қарашадағы № 1031 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 17-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға жалдау ақысының ставкалары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 қарашадағы
№ 1031 қаулысына
қосымша

**Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін
пайдаланудағы жалдау
ақысының ставкалары**

р/с №	Жалдау ақысының ставкаларына әсер ететін факторлар жіктеуіші	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атаулары						
		Астана қ,	Алматы қ,	Ақмола облысы	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	
1	2	3	4	5	6	7	8	
1.	1 шаршы метр үшін айлық есептік көрсеткішпен жалдау ақысының ставкасы (жылына)	3,0	3,0	1,5	1,5	1,5	1,5	
2.	1. Объектінің құрылыс түрі	1.1 кеңселік	1	1	1	1	1	1
		1.2 өндірістік	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8
		1.3 қоймалық	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6
3.	2. Тұрғын емес үй-жай	2.1 бөлек тұрған құрылыс	1	1	1	1	1	1
		2.2 кіріктірілген жапсарлас бөлік	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9
		2.3 цокольдік (жартылай жертөле) бөлігі	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7
		2.4. жертөле бөлігі	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6

4.	3. Объектінің жайлылық дәрежесі	3.1. барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін		1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	
		3.2. коммуникацияның қандай-да бір түрі болмаған жағдайда әрбір түріне азайтылады:		0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	
5.	4. Объектінің аумақтық орналасуы	4.1. Алматы және Астана қалалары үшін:	қаланың орталығы	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	
			қаланың шеті	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	
			қаланың қалған бөлігі	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	
		4.2. облыс орталықтары үшін:	қаланың орталығы	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	
			қаланың шеті	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	
			қаланың қалған бөлігі	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	
		4.3. облыстық маңызы бар қалалар үшін:	қаланың орталығы	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	
			қаланың шеті	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	
			қаланың басқа бөлігі	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	
			4.4. аудан орталықтары үшін	қаланың орталығы	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
				қаланың шеті	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7
			4.5 кенттер және ауылдық елді мекендер		0,5		0,5	0,5	0,5	0,5

кестенің жалғасы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атаулары									
Шығыс Қазақстан облысы	Жамбыл облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Павлодар облысы	Солтүстік Қазақстан облысы	Оңтүстік Қазақстан облысы
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8	0,8
0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6
1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9
0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7
0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6
1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0

1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0
2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0	2,0
1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9	0,9
1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7	0,7
0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5

Ескертпе:

Мемлекет меншігіндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланудағы жалдау ақысы ставкаларының есебі 1 шаршы метр үшін айлық есептік көрсеткішпен жалдау ақысының ставкасын жалдау ақысының ставкаларына және жалға берілетін алаң санына әсер ететін факторлар ескеріле отырып, көбейту жолымен есептеледі.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру және одан айыру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 қарашадағы № 1032 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы 17-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру және одан айыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 қарашадағы
№ 1032 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау,
есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы 17-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген әрі тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

алдын ала есепке алу тізімі – тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізімі;

есепке алу карточкасы – тарихи-мәдени мұра объектісінің алғашқы мәліметтерін, қысқаша сипаттамасы мен иллюстрациялық материалын қамтитын құжат;

қорғау міндеттемесі – тарих және мәдениет ескерткішінің осы құжатты ресімдеу кезіндегі жай-күйі және меншік иесінің немесе пайдаланушының тарих және мәдениет ескерткішін күтіп ұстау шарттары тіркелетін құжат;

тарих және мәдениет ескерткішінің паспорты (бұдан әрі – паспорт) - тарих және мәдениет ескерткіші туралы ғылыми және нақты мәліметтерді қамтитын, ескерткіштің негізгі құжаты болып табылатын құжат;

меншік иесі - оларды өз бетімен құрту құқығын қоспағанда, тарих және мәдениет ескерткішіне қатысты иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

тарих және мәдениет ескерткішін пайдаланушы - Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткішін оның меншік иесімен жасалған

шарт негізінде пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (уәкілетті орган) – тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

тарихи-мәдени мұра объектілері – тарихи оқиғалар нәтижесінде пайда болған тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, ғылым мен техника, эстетика, этнология немесе антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысынан құнды болып табылатын, олармен байланысты бейнелеу, мүсін, қолданбалы өнер, ғылым мен техника туындылары және материалдық мәдениеттің өзге де заттары бар жылжымайтын мүлік объектілері;

тарихи-мәдени сараптама – тарихи-мәдени мұра объектісінің тарихи-мәдени маңызын және сақталу дәрежесін белгілеуге бағытталған ұйымдастырушылық, талдау және практикалық іс-шаралардың жиынтығын қамтитын қорытынды.

2. Тарихи-мәдени мұра объектісін анықтау және есепке алу тәртібі

3. Тарихи-мәдени мұра объектісін анықтауды облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) қамтамасыз етеді.

4. Анықтау мыналарды қамтиды:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау мақсатында тиісті аумақтарда зерттеу жұмыстарын жүргізу;

2) анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерін алдын ала есепке алу тізіміне енгізу.

5. Тарихи-мәдени мұра объектілерін есепке алуды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

6. Есепке алу осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес тарихи-мәдени мұра объектісінің есепке алу карточкасын жасау жолымен жүзеге асырылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің кешені ретінде ансамбль үшін есепке алу карточкасы әрбір объект бойынша жеке жасалады.

7. Тарихи-мәдени мұра объектісін есепке алу карточкасы жеке қосымша бетпен ресімделетін жаңа деректер алынған кезде толықтырылуы тиіс.

8. Тарихи-мәдени мұраның анықталған объектілері алдын ала есепке алу тізіміне енгізіледі және олар өздерінің мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуы тиіс.

3. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне мәртебе беру және одан айыру тәртібі

9. Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археология ескерткіштері олар анықталған кезден бастап тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін алады.

10. Тарихи-мәдени мұра объектісі тарих және мәдениет ескерткіші деп танылғаннан кейін жергілікті атқарушы орган осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша паспортты ресімдейді.

11. Ескерткіштің паспорты жекелеген қосымша бетпен ресімделетін жаңа дерек алынған кезде толықтырылуы тиіс.

12. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мәдени және Табиғи Мұра тізіміне енгізу үшін ұсынылатын тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынады.

13. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішінің мәртебесін беру тарихи-мәдени мұра объектісін республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу болып табылады.

14. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мынадай құжаттармен қоса енгізіледі:

- 1) есепке алу карточкасының көшірмесі;
- 2) тарихи-мәдени сараптаманың оң қорытындысы;
- 3) тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану туралы, сондай-ақ тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесінен айыру туралы қорытындыларды дайын-

дау жөніндегі уәкілетті органның арнайы комиссиясының (бұдан әрі - арнайы комиссия) шешімі.

15. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін беру тарихи-мәдени мұра объектісін уәкілетті органмен келісім бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы бекітетін жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдар уәкілетті органға мыналарды келісу үшін ұсынады:

- 1) қолдаухат;
- 2) жергілікті атқарушы органның шешімі;
- 3) есепке алу карточкасының көшірмесі;
- 4) тарихи-мәдени сараптаманың оң қорытындысы.

16. Жергілікті атқарушы органның шешімімен келісу уәкілетті органның бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұрыштамасымен ресімделеді және мөрмен куәландырылады.

Бұрыштамада орган басшысының немесе оның міндетін атқарушы адам лауазымының атауы, бұрыштама соғушының жеке қолы, қолдың толық жазылуы, күні мен елтаңбалық мөр қамтылады.

Келісім белгісі шешімнің соңғы парағының сол жақ төменгі бұрышына орналастырылады және «КЕЛІСІЛДІ» деген сөзден тұрады.

17. Тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыруға әрі Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастауға объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті органның арнайы комиссиясымен келісілген ұсынысы бойынша тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ғана жол беріледі.

18. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесінен айыру және республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастау үшін уәкілетті орган арнайы комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) паспорттың көшірмесі;
- 2) есепке алу карточкасының көшірмесі;
- 3) мөлшері 15x20 сантиметр фотосуреті;

4) қорғау міндеттемесінің көшірмесі;

5) объектінің толық түгел жойылғаны және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқандығы туралы тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы.

19. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесінен айыру және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімнен шығарып тастау үшін жергілікті атқарушы орган арнайы комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) паспорттың көшірмесі;

2) есепке алу карточкасының көшірмесі;

3) мөлшері 15x20 сантиметр фотосуреті;

4) қорғау міндеттемесінің көшірмесі;

5) объектінің толық түгел жойылғаны және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқандығы туралы тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы.

20. Арнайы комиссия республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік тізімнен шығарып тастау туралы шешімді хаттамамен ресімделетін тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы негізінде қабылдайды.

21. Республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесінен айыру әрі республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімнен шығарып тастау үшін уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын мынадай құжаттармен қоса Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады:

1) паспорттың көшірмесі;

2) есепке алу карточкасының көшірмесі;

3) мөлшері 15x20 сантиметр фотосуреті;

4) қорғау міндеттемесінің көшірмесі;

5) объектінің толық нақты жойылғаны және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқандығы туралы тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы;

6) уәкілетті органның арнайы комиссиясы отырысының Тарих және мәдениет ескерткішін мемлекеттік тізімнен шығарып тастау туралы шешімі бар хаттамасы.

22. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын дайындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІСІ
ОБЪЕКТ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ
ЕСЕПКЕ АЛУ КАРТОЧКАСЫ
УЧЕТНАЯ КАРТОЧКА

Алғашқы деректер Первичные сведения				
1.	Объектінің атауы Наименование объекта			
2.	Типологиялық тиістілігі Типологическая принадлежность	Археология Археология	Қала құрылысы және сәулет Градострои- тельство и архитектура	Ансамбль Ансамбль
3.	Объектінің мерзімделуі Датировка объекта			
4.	Техникалық жай- күйіне сипаттама Характеристика технического состояния	Жақсы Хорошее	Қанағат- танарлық Удовлетвори- тельная	Қанағат- танарлықсыз Неудовлетво- рительная
Объектінің қысқаша сипаттамасы Краткое описание объекта				
Объектінің иллюстрациялық материалы Иллюстративный материал объекта				
Қосымша Приложение	Жалпы көрінісінің суреті - Фото общего вида - Фото фрагмент - Фото фрагмент -			
Карточканың жасалған күні Дата составления карточки				

Құрастырушы
Составитель

МО
МП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАРИХ
ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШІ
ПАМЯТНИК ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАСПОРТ
ПАСПОРТ

1.	Ескерткіштің атауы Наименование памятника			
2.	Типологиялық тиістілігі Типологическая принадлежность	Археология Археология	Қала құрылысы және сәулет Градостроительства и архитектуры	Ансамбль Ансамбль
3.	Ескерткіштің мерзімделуі Датировка памятника			
4.	Ескерткіштің тұрған жері Местонахождение памятника	<hr/> <p>(облыс, қала, аудан, елді-мекен, село, көше)</p> <hr/> <p>(область, город, район, населенный пункт, улица)</p>		

5.	Қазіргі кездегі пайдалану сипаты Характер современного использования	Бастапқы белгілеу бойынша По-первоначальному назначению	Мәдени ағартушылық Культурно-просветильское	Туристік-эккурсиялық Туристік-эккурсионное	Емдеу-сауықтыру Лечебно-оздоровительное	Үй-жайлар Жилые помещения	Шаруашылық Хозяйственное	Қолданылмайды Не используется
6.	Қосымша Приложение	<p>Жалпы көрінісінің суреті - Фото общего вида -</p> <p>Фото фрагмент - Фото фрагмент -</p> <p>Бас жоспар - Генплан -</p> <p>Өлшемдер - Обмеры -</p> <p>Қорғау аймағының схемалық жоспары Схематический план охранной зоны -</p>						
7.	<p>Тарихи мәліметтер: Исторические сведения:</p> <p>а) ескерткіштің бастапқы келбетін өзгерткен қайта құрулар мен жойылулар: а) перестройки и утраты, изменившие первоначальный облик памятника:</p> <p>б) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстары (жалпы сипаттамасы, уақыты, авторы, құжаттаманы сақтау орны): б) научно-реставрационные работы (общая характеристика, время, автор, место хранения документации):</p>							

8.	Ескерткіштің сипаттамасы: Описание памятника:						
9.	Негізгі библиография, мұрағаттық түпнұсқалар, иконографиялық материал: Основная библиография, архивные источники, иконографический материал:						
10.	Техникалық жай-күйі: Техническое состояние:	жақсы хорошее	қанағаттанарлық удовлетворительная	қанағаттанарлықсыз неудовлетворительная		авариялық аварийное	
11.	Техникалық жай-күйіне сипаттама: Характеристика технического состояния:						

12.	а) ескерткіш мәртебесі: а) статус памятника:	
	б) қорғау аймағы мен құрылысты реттеу аймағының шекарасы: б) границы охранной зоны и зоны регулирования застройки:	
	в) меншік түрі: в) вид собственности:	
	г) қорғау міндеттемесінің берілген күні және нөмірі г) дата выдачи и номер охранного обязательства	
13.	Паспорттың толтырылған күні: Дата составления паспорта:	20 __ ж. « __ » _____ « __ » _____ 20 __ г.

Құрастырушы:
Составитель:

МО
МП

Облыстың (республикалық маңызы бар қала, астана) жергілікті атқарушы органының өкілі:

Представитель местного исполнительного органа области (города республиканского значения, столицы):

(қолы) (подпись)

Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 қарашадағы № 1033 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы 17-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 қарашадағы
№ 1033 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Халықаралық және республикалық маңызы
бар тарих және мәдениет ескерткіштерін
пайдалануға беру ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру ережесі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы 17-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді әрі халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін (бұдан әрі – ескерткіштер) пайдалануға беру тәртібін белгілейді.

2. Ескерткіштерді пайдалануға беру тәртібі

2. Мемлекеттің меншігі болып табылатын ескерткіштер тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) шешімі бойынша жеке және заңды тұлғаларға (өтініш берушілер) ғылыми, мәдени-ағарту, туристік және өзге де мақсаттар үшін пайдалануға беріледі.

3. Мемлекет меншігі болып табылмайтын ескерткіштер жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға беріледі.

4. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар мемлекет меншігі болып табылатын ескерткішті пайдалануға алу үшін уәкілетті органға осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

5. Уәкілетті орган жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштері тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды және өтініш берушіге қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

6. Өтінішті қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган ескерткішті пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды не мынадай негіздер бойынша:

- 1) мәлімделген ескерткіш пайдалануда болса;
- 2) ескерткішті пайдаланудың мақсаты мен сипаты ескерткіштің жай-күйіне нұқсан келтіретін болса;
- 3) ескерткішті пайдаланудың мақсаттары оның бастапқы мақсатына сәйкес келмесе пайдалануға беруден бас тартады.

7. Уәкілетті орган ескерткішті пайдалануға беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтініш берушіге ескерткішті пайдалануға беруге келісу және ескерткішті пайдалануға беру туралы шарт жасасу туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Ескерткішті пайдалануға беру туралы шартқа уәкілетті орган мен өтініш беруші арасында өтініш берушіге хабарлама жіберілген күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қол қойылады.

7-1. Уәкілетті орган теріс шешім қабылдаған кезде, өтініш берушіге ескерткішті пайдалануға беруден дәлелді бас тарту жазбаша нысанда жіберіледі.

8. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ескерткішті пайдаланушыға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қорғау міндеттемесін береді.

9. Мемлекеттік меншікке ескерткішті пайдалануға берген кезде пайдаланушыдан ескерткішті пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жалдау ақысының ставкалары бойынша жалдау ақысы өндіріп алынады.

10. Алынып тасталды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013.18.03. № 254 қаулысымен.

11. Ескерткіштерді пайдаланып отырған жеке және заңды тұлғалар ескерткіштерді сипаты мен мақсатына сәйкес пайдалану міндеттерін олар бұзған жағдайда, соның салдарынан тарих және мәдениет ескерткіші жойылу немесе бүліну қатеріне ұшыраса, олар пайдалану құқығынан айырылады.

Ескерткішті пайдалану құқығынан айыру, егер ескерткішті қорғау міндеттемесінде өзгеше көзделмесе, ескерткіштің меншік иесінің немесе уәкілетті органның өтініші негізінде соттың шешімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Халықаралық және
республикалық маңызы бар тарих
және мәдениет ескерткіштерін
пайдалануға беру ережесіне
қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің төрағасы

(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты немесе атауы)

Өтініш

_____ ескерткішін _____

_____ мақсатында

(ескерткішті пайдаланудың қысқаша сипаттамасы)

пайдалануға беруді сұраймын.

Өтініш берушінің деректері:

(жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы және
ұйымдық-құқықтық нысаны)

(жеке тұлғаның ЖСН немесе заңды тұлғаның БСН)

(жеке тұлғаның тұратын жері немесе заңды тұлғаның орналасқан жері)

Қолы _____

Мерзімі _____

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 6 қарашадағы № 1044 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 17-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесі бекітілсін.

2. «Әлемдік және республикалық маңызы бар объектілерге жатқызылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және ұстау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі № 673 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 28, 278-күжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 6 қарашадағы
№ 1044 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау
және күтіп-ұстау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күтіп-ұстау ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 17-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және тарих және мәдениет ескерткіштерін (бұдан әрі - ескерткіштер) қорғау мен күтіп-ұстау тәртібін айқындайды.

2. Ескерткіштерді қорғау және күтіп-ұстау тәртібі

2. Ескерткіштердің меншік иелері мен пайдаланушылар олардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде мынадай шаралар қабылдауы тиіс:

1) зақымданудан және (немесе) жоюдан, тағылық актілерінен, жалған дәріптеуден, өңін айналдырудан, бұрмалаудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түпмәтіннен үзіп тастаудан қорғау;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарын меншік құқықтарының болуы мүмкін немесе болған өзгерістері туралы хабардар ету;

3) халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуді тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган), жергілікті маңызы бар ескерткіштерде - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісу;

4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың)

жергілікті атқарушы органдарымен жасалған арнайы шарттарда белгіленетін тәртіппен және шекте ескерткішке ғылыми, мәдени және өзге де мақсаттарда қол жеткізуді қамтамасыз ету.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), жергілікті атқарушы органдары ескерткіштердің меншік иелері мен пайдаланушыларға осы құжатты ресімдеу сәтіндегі ескерткіштердің жай-күйі және оларды күтіп-ұстау шарттары тіркелетін қорғау міндеттемесін береді.

4. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары әрбір ескерткішке ескерткіш туралы негізгі деректер және ескерткіштің мемлекеттің қорғауында екендігіне нұсқама қамтылған қорғау тақтасын орнатады.

5. Ескерткіштерді бұзылудан немесе жойылудан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтары белгіленеді.

6. Меншік иелері мен пайдаланушылар ескерткіштерді халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес күтіп ұстайды.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 6 қарашадағы № 1045 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 17-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 6 қарашадағы
№ 1045 қаулысымен
бекітілген

**Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау
міндеттемелерін беру ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленген және ескерткіштердің меншік иелеріне немесе пайдаланушыларға тарих және мәдениет ескерткіштеріне (бұдан әрі - ескерткіштер) қорғау міндеттемелерін беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қорғау міндеттемесі - тарих және мәдениет ескерткішінің осы құжатты ресімдеу сәтіндегі жай-күйі және меншік иесінің немесе пайдаланушының тарих және мәдениет ескерткішін күтіп-ұстау шарттары тіркелетін құжат;

2) меншік иесі - өз бетімен құрту құқығын қоспағанда, тарих және мәдениет ескерткішіне қатысты иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

3) тарих және мәдениет ескерткішін пайдаланушы - Заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткішін оның меншік иесімен жасалған шарт негізінде пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға.

2. Қорғау міндеттемелерін ресімдеу және беру тәртібі

3. Ескерткіштің меншік иесі немесе пайдаланушы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарын (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) ескерткішке меншік (пайдалану) құқықтарының болуы мүмкін немесе болған өзгерістері туралы хабардар етуге міндетті.

4. Жергілікті атқарушы органдар хабар алған сәттен бастап не тарихи-мәдени мұра объектісіне ескерткіш мәртебесін берген сәттен бастап он бес күнгізбелік күн ішінде қорғау міндеттемесін ресімдейді.

5. Қорғау міндеттемесінде:

оны ресімдеу сәтіндегі ескерткіштің жай-күйі;

меншік иелерінің немесе пайдаланушылардың ескерткішті күтіп-ұстау шарттары тіркеледі.

Қорғау міндеттемесін ресімдеу сәтіндегі ескерткіштің жай-күйін тіркеу үшін жергілікті атқарушы органдар меншік иелерімен немесе пайдаланушылармен бірлесіп, ескерткішке техникалық байқау жүргізеді, оның деректері қорғау міндеттемесіне енгізіледі.

6. Ансамбльді құрайтын ескерткіштердің қорғау міндеттемелерін ресімдеу кезінде техникалық байқау деректері ескерткіштің әрқайсысы бойынша жеке тіркеледі.

7. Ескерткішке меншік (пайдалану) құқықтары ауысқан кезде жергілікті атқарушы органдар осы Ережеде көзделген тәртіппен қорғау міндеттемесін қайта ресімдеуді жүзеге асырады.

8. Қорғау міндеттемесін беруді оны ресімдегеннен кейін үш күннің ішінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008 жылғы 21 наурыздағы № 279 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008 жылғы 21 наурыздағы
№ 279 қаулысымен
бекітілген

**Республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет
ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі**

P/c N	Ескерткіштің атауы	Ескерткіш- тің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
Астана қаласы			
1.	Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрының қойылымдық цехының ғимараты (бұрынғы Мұсылман мектебі) XIX ғ.	қала құрылысы және сәулет	Отырар к-сі, 31
2.	Конгресс-холл (бұрынғы Тың игерушілер сарайы) Сәулетшілер О.Н.Крауская, Д.К.Даннеберг, 1963 ж., 2000-2001 жж. қайта қалпына келтірілген	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 1
Алматы қаласы			
3.	Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының бас корпусы Сәулетші А.В.Щусев 1948-1953 жж. 1980 ж. - жапсарлас құрылыс	қала құрылысы және сәулет	Шевченко к-сі, 28
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы (бұрынғы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана Сәулетшілер В.П.Ищенко, В.Н.Ким, К.К.Кальпой, В.Н.Тютин, Э.К.Кузнецова 1970 ж.	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғ., 14
5.	Алматы мемлекеттік университетінің ғимараты (бұрынғы Верный ерлер гимназиясы) сәулетші П.Гурде 1892-1895 жж.	қала құрылысы және сәулет	Қазыбек би к-сі, 28
6.	Республика сарайы сәулетшілер Н.И. Рипинский, В.Н.Ким, Л.Л.Ухоботов, Н.Г.Рагушный, В.И.Кукушкин, Б.Н.Делов 1970 ж.	қала құрылысы және сәулет	Достық даңғ., 54, Абай алаңы
7.	Т. Жүргенов атындағы өнер академиясы (бұрынғы Қазақ КСР Үкіметінің үйі) сәулетші М.Я. Гинзбург 1927-1931 жж.	қала құрылысы және сәулет	Бөгенбай батыр к-сі, 136 а

8.	М.О.Әуезовтың әдеби-мемориалдық музей үйі. Сәулетші Г.Г.Герасимов 1961 ж.	қала құрылысы және сәулет	Төлебаев к-сі, 185
9.	Қалалық жедел жәрдем станциясының ғимараты (бұрынғы сәулетші Зенковтардың үйі) сәулетшісі белгісіз XIX ғ. соңы.	қала құрылысы және сәулет	Қазыбек би к-сі, 115.
10.	Қазақ-британ техникалық университетінің ғимараты (бұрынғы Қазақ КСР-нің Үкімет үйі) сәулетшілер Б.Р.Рубаненко, Т.А.Симонов 1947-1957 жж.	қала құрылысы және сәулет	Төле би к-сі, 59, Астана алаңы
11.	№4 Мемрезиденцияның ғимараты (Верный қаласының құрметті азаматы Т.А.Головизиннің үйі). 1905-1908 жж.	қала құрылысы және сәулет	Фурманов к-сі, 162
12.	Бұрынғы көпес М.А.Гавриловтың үйі. Сәулетші А.П.Зенков XX ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	Желтоқсан к-сі, 167
13.	«Қызыл-Таң» мағалар үйі (бұрынғы көпес И. Ғабдувалиевтің сауда үйі). Сәулетші А.П.Зенков 1912 ж.	қала құрылысы және сәулет	Жібек жолы к-сі, 39
құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, ұлттық араздықты қоздыруды насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған жағдайда бас тартуы мүмкін.

10. Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде прокаттау куәлігін бермеген не прокаттау куәлігін беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімі өткен күннен бастап прокаттау куәлігі берілді деп есептеледі.

Уәкілетті орган прокаттау куәлігін беру мерзімі өткен сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық құжат нысанында тиісті прокаттау куәлігін береді.

11. Уәкілетті орган прокаттау куәлігін беру жөніндегі қызметті тегін көрсетеді.

12. Прокаттау куәлігін беру үшін бұдан бұрын негіз болған фильм туралы ақпараттың дәйексіздігі және (немесе) бұрмаланғандығы анықталған жағдайда, уәкілетті орган Заңның 28-2-бабына сәйкес прокаттау куәлігін сот тәртібімен кері қайтарып алуға құқылы.

13. Прокаттау куәлігін сот тәртібімен қайтарып алған жағдайда, Фильмдердің мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізіледі.

Фильмге прокаттау куәлігін
беру қағидасына
қосымша

(фильмге прокаттау куәлігін
беретін органның толық атауы, орган
басшысының Т.А.Ә.)

(заңды тұлғаның толық атауы,
заңды тұлға басшысының Т.А.Ә.
немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.)

Өтініш

Сізден фильмге прокаттау куәлігін беруді сұраймын.

Фильмнің атауы: _____

Фильм қоюға негіз болған әдеби туындының атауы және авторы: _____

Фильмді шығарған ел: _____

Фильмді шығарушы-студия: _____

Фильмнің шыққан жылы: _____

Фильмнің форматы: _____

Фильмнің хронометражы: _____

Сценарий авторы: _____

Қоюшы-режиссер: _____

Қоюшы-оператор: _____

Қоюшы-суретші: _____

Музыкалық шығарманың авторы: _____

Фильм серияларының саны: _____

Фильмнің жанры: _____

Фильмнің тілі, фильмді дубляждау тілдері (олар бар болса): _____

Шығарушы ел берген көрермендердің жас шегі бойынша ақ парат: _____

Өтініш берушінің деректемелері _____

(заңды мекенжайы, пошталық индексі, электрондық поштасы, телефондары, факс, заңды тұлға үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлға үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өтініш берілген күн: _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

(колы)

М.О.

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген
кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға
«Академиялық» мәртебесін беру қағидасы мен
шарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 26 қаңтардағы № 33 қаулысы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру қағидасы мен шарттары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 26 қаңтардағы
№ 33 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби
көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық»
мәртебесін беру қағидасы мен шарттары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру қағидасы мен шарттары (бұдан әрі – Қағида) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген және мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

**2. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби
көркем және шығармашылық ұжымдарға «Академиялық»
мәртебесін беру шарттары**

2. «Академиялық» мәртебесі өз саласында жетекші болып табылатын, Қазақстан Республикасының ұлттық мәдениеті мен өнерін қалыптастыруға, дамытуға және насихаттауға елеулі үлес қосқан және мынадай талаптарға сай келетін мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға беріледі:

кемінде жиырма бес жыл тұрақты және тиімді қызметті жүзеге асырады;

өз қызметінде кәсібилікті, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін инновациялар енгізеді;

талантты жас кадрларды анықтауды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;

шығармашыл қызметкерлерінің кемінде сексен пайызы мәдениет пен өнер саласындағы жоғары білімі бар мамандардан құралған кәсіби білікті құрамы бар;

шығармашыл қызметкерлерінің кемінде кемінде жиырма бес

пайызы КСРО-ның және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталған және шығармашыл қызметкерлерінің ішінде жиырма бес пайызы республикалық және халықаралық конкурстар мен фестивальдардың лауреаттары мен дипломанттары болып табылады;

жаңа қойылымдарды қоса алғанда, жылына кемінде екі жүз спектакльді көрсетуді жүзеге асырады немесе жылына кемінде алпыс концерт өткізеді.

3. «Академиялық» мәртебесін беру тәртібі

3. Республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының басшылары мәдениет саласындағы орталық уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) «Академиялық» мәртебесін беру туралы қолдаухат ұсынады.

Қолдаухатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) «Академиялық» мәртебесін беруге ұсыну туралы мемлекеттік мәдениет ұйымы, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжым қызметкерлерінің жалпы жиналысының хаттамасынан үзінді көшірме;

2) дипломдарының көшірмелері қоса берілген мәдениет пен өнер саласындағы жоғары білімі бар шығармашыл қызметкерлер туралы мәліметтер;

3) КСРО-ның және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталған шығармашыл қызметкерлер туралы мәліметтер;

4) Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесін көрсететін мемлекеттік мәдениет ұйымының, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымның қызметі туралы анықтама;

5) қызметі туралы республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдардың көшірмелері (кемінде он жарияланым);

6) мәдениет саласындағы іс-шараларға (республикалық және халықаралық маңызы бар конкурстарға, фестивальдарға) қатысқанын және (немесе) жүлделі орындар алғанын куәландыратын құжаттардың көшірмесі.

4. Қолдаухаттар ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде

уәкілетті органның мекен жайына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кешіктіріп жіберілген қолдау хаттар келесі жылы қаралады.

5. Қолдау хаттарды қарау үшін уәкілетті орган арнайы комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

6. Комиссия көрнекті мәдениет пен өнер қайраткерлерінен қалыптасады. Комиссияның құрамы мен ережесін уәкілетті органның басшысы бекітеді.

7. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса заңды болып саналады.

8. Комиссияның шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

9. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

10. Уәкілетті орган Комиссияның ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1 қарашаға дейін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Академиялық» мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізеді.

11. «Академиялық» мәртебесі уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен беріледі.

Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 11 ақпандағы № 127 қаулысы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы 20-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 11 ақпандағы
№ 127 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды
жүргізу қағидасы**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу қағидасы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 20-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттауды жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттау (бұдан әрі - ұйымдарды аттестаттау) олардың негізгі қызметінің тиімділігін бағалау және материалдық, еңбек және қаржы көздерін ұтымды пайдалану, осы негізде олардың желілері мен құрылымдарын ретке келтіру үшін өткізіледі.

3. Ұйымдарды аттестаттауды:

1) республикалық маңызы бар ұйымдарды – мәдениет саласындағы уәкілетті орган;

2) жергілікті маңызы бар ұйымдарды – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) өткізеді.

Ұйымдарды аттестаттауды өткізу үшін мәдениет саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі - мемлекеттік орган) аттестаттау комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

4. Комиссияның құрамы мен ережесін тиісті мемлекеттік орган бекітеді.

2. Ұйымдарды аттестаттауды жүргізу тәртібі

5. Ұйымдарды олардың саласы бойынша жүзеге асырылатын аттестаттау кезінде мынадай көрсеткіштер бағаланады:

1) ұйымның өндірістік-шығармашылық және қаржылық қызметі; ұйымның жарғыға (ережеге) сәйкес қызмет етуі;

қызмет саласы бойынша ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыруы;

ұйым қызметкерлерінің кезеңдік дайындығы мен біліктілігін арттыру;

материалдық, еңбек және қаржы көздерін ұтымды пайдалану;

2) ұйымның әкімшілік-басқару қызметі:

ұйым қызметкерлерінің кәсіби құрамы;

мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау нәтижелері туралы мәліметтер;

3) ұйымның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі:

ұйымның материалдық базасының жай-күйі актілер;

ұйымның техникалық жабдықтарының жұмыс істеуі.

6. Ұйымдарды аттестаттауды өткізу кестесін (бұдан әрі - кесте) мемлекеттік орган 15 қаңтарға дейін ағымдағы күнтізбелік жылға бекітеді және аттестаттауды өткізуге дейін үш айдан кешіктірмей ұйымдардың назарына жеткізеді.

7. Кестеге сәйкес аттестатталуға тиіс ұйымдар аттестаттау басталғанға дейін бір ай мерзімнен кешіктірмей мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ұйымның өндірістік-шығармашылық және қаржылық қызметінің нәтижелері туралы анықтама (талдау анықтамасы және қаржылық есеп);

2) ұйымның әкімшілік-басқару қызметі туралы құжаттардың көшірмелері (бұйрықтар, шарттар);

3) ұйым қызметкерлерінің тегі, аты және әкесінің аты, диплом бойынша мамандығы, жалпы еңбек өтілі (соның ішінде осы ұйымдағы), сондай-ақ біліктілігін арттыру және аттестаттаудан өтуі жөніндегі мәліметтер көрсетілген кәсіби құрамы туралы анықтама;

4) ұйымның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі туралы анықтама.

Құжаттарға ұйымның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды және мөрмен бекітеді.

8. Барлық мемлекеттік мәдениет ұйымдары бес жылда бір рет аттестаттаудан өткізіледі.

9. Мемлекеттік орган ұсынған құжаттар негізінде Комиссия ұйымдарды аттестаттауды кестеге сәйкес әрбір ұйым үшін жеті жұмыс күні ішінде өткізеді.

10. Ұйымдарды аттестаттау нәтижелері бойынша екі жұмыс күн

ішінде мемлекеттік органға жолданатын және Комиссия мүшелері қол қойған оң немесе теріс қорытынды ресімделеді.

11. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатқа ие.

12. Комиссияның ұйымды аттестаттамау туралы теріс қорытындысына мыналар негіз болады:

1) ұйымның тиісті жылға арналған өндірістік-шығармашылық жоспарды орындамауы;

2) әкімшілік-басқару және қаржы қызметін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және ұйымның жарғысын (ережесін) сақтамауы;

3) қызметкерлер құрамындағы кәсіптік сәйкессіздіктің анықталуы;

4) ұйымның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің қанағаттанғысыз жағдайының анықталуы.

13. Мемлекеттік орган Комиссияның шешімін алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

1) оң қорытынды болған жағдайда - «аттестаттау»;

2) теріс қорытынды болған жағдайда - «аттестаттамау» туралы шешім қабылдайды.

14. Аттестаттаудан өтпеген ұйым қайта аттестатталуға жатады.

Комиссияның қорытындысына сәйкес анықталған кемшіліктерді ұйым мемлекеттік орган шешім қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде жояды.

15. Қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау өткізілген күннен бастап алты ай өткен соң осы Қағидада белгіленген тәртіппен өткізіледі.

16. «Аттестатталсын» деген шешімді ұйымның кемшіліктерді жоюы бойынша Комиссияның оң қорытындысы болған кезде мемлекеттік орган қабылдайды.

17. Ұйым кемшіліктерді жоймаған жағдайда Комиссия қайтадан теріс қорытынды ресімдейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүктелген міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін басшыны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мемлекеттік органға ұсыныс енгізеді.

18. Мемлекеттік орган Комиссияның ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті шешім қабылдайды.

19. Аттестатталмаған ұйым мемлекеттік органның қайта аттестат-

таудан өтпегені туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жыл өткен соң осы Қағидада белгіленген тәртіппен кезекті аттестатталуға жатады.

3. Қорытынды ережелер

20. Комиссия өз қызметін мемлекеттік орган шешімінің негізінде тоқтатады.

21. Мемлекеттік орган аттестаттамаған ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталмағаны туралы шешімге шағым беруге құқылы.

22. Аттестатталған және аттестатталмаған ұйымдар туралы ақпарат тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурстарына орналастырылады.

Мемлекеттік театрларды, мұражайларды, концерт және мәдени-демалыс ұйымдарын субсидиялау мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 27 қазандағы № 1211 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу қағидалары;

2) Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу қағидалары бекітілсін.

2. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 86-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

34-тарау мынадай мазмұндағы 270-1-тармақпен толықтырылсын:

«270-1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бюджеттік субсидиялар бөлу көзделген болса, оларды бөлу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Тұрғындар үшін театр, концерттік және мәдени-демалыс іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты шығындарды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № 27 қаулысы;

2) «Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты шығындарды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 қаңтардағы № 31 қаулысы.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 27 қазандағы
№ 1211 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт
іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету
жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық,
музыкалық және хореографиялық
өнерді насихаттауға байланысты залалды жабуға
бюджеттік субсидиялар бөлу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес әзірленді және тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты залалды жабуға субсидиялар бөлу тәртібін айқындайды.

2. Бюджеттік субсидиялар тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты мемлекеттік театр, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарының залалын пайыздық өтеуге (қызметтердің құнын арзандатуға) арналады.

2. Тұрғындар үшін театр, мәдени-демалыс және концерт іс-шараларына қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу тәртібі

3. Республикалық және жергілікті бюджеттен бюджеттік субсидиялар таратуды бюджеттік бағдарлама әкімшісі сомаларды мемлекеттік театрлардың, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарының өздері өз қаражаты есебінен жабатын құнды шегергендегі мемлекеттік театрлардың, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарының ағымдағы шығыстарының құнын жабуға жіберу жолымен жүзеге асырады.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлу бюджеттерді атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар бекітетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана), аудандық және селолық маңызы бар ұйымдарды қоспағанда, субсидиялардың мөлшері мемлекеттік театрлардың, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарының жалпы ағымдағы шығыстары сомасының 80%-ынан аспауға тиіс.

5. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган қаржыландырудың жиынтық жоспарын бекіткеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарына бөлінетін бюджеттік субсидиялар көлемі туралы мәліметтерді жеткізеді.

6. Мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерт ұйымдары алатын бюджеттік субсидиялар екінші деңгейдегі банкттерде өздері ашатын ағымдағы шотқа есепке алынады және қатаң түрде мақсатқа сай жұмсалады.

7. Мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерт ұйымдары бюджеттік субсидиялар алу үшін бюджет бағдарлама әкімшісіне:

1) жыл сайын, ағымдағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша алынған бюджеттік субсидиялар көлемінің негізінде алдағы жылға арналған көрсетілетін қызметтер бойынша кірістер мен шығыстардың бекітілген есебін;

2) ай сайын, айдың 25-күнінен кешіктірмей осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша алдағы айдың шығындарын жабу есептерін береді.

8. Мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерт ұйымдары бюджеттік бағдарлама әкімшісіне есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың 15 күнінен кешіктірмей, қаржы-шаруашылық қызметі бойынша бекітілген есептің ұсынылуын қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерт ұйымдары есептердің дұрыстығына және дұрыс жасалуына жауапты болады, олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

10. Мемлекеттік театрларға, мәдени-демалыс және концерт ұйымдарына бюджеттік субсидияларға бөлінген бюджет қаражатының тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуына бюджеттік бағдарлама әкімшісі жауапты болады.

Тұрғындар үшін театр,
мәдени-демалыс және концерт
іс-шараларына қол жетімділікті
камтамасыз ету жөніндегі
қызметтерді көрсетуге, классикалық,
халықтық, музыкалық және
хореографиялық өнерді насихаттауға
байланысты залалды жабуға бюджеттік
субсидиялар бөлу қағидаларына
1-қосымша

(заңды тұлғаның атауы)

20____ жылғы
кіріс жоспары

Р/с №	Спектакльдердің, концерттердің саны (дана)	Көрермендердің саны (мың адам)	Кірістер (мың теңге)			Ескертпе
			Билет сағудан	Жалға беруден	Өзге де	
1	2	3	4	5	6	7

Тұрғындар үшін театр,
мәдени-демалыс және концерт
іс-шараларына қол жетімділікті
камтамасыз ету жөніндегі
қызметтерді көрсетуге, классикалық,
халықтық, музыкалық және
хореографиялық өнерді насихаттауға
байланысты залалды
жабуға бюджеттік
субсидиялар бөлу қағидаларына
2-қосымша

(заңды тұлғаның атауы)

20 ____ жылғы
шығыс жоспары

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Сомасы	Ескертпе
1	2	3	4

Тұрғындар үшін театр,
мәдени-демалыс және концерт
іс-шараларына қол жетімділікті
камтамасыз ету жөніндегі
қызметтерді көрсетуге, классикалық,
халықтық, музыкалық және
хореографиялық өнерді насихаттауға
байланысты залалды
жабуға бюджеттік
субсидиялар бөлу қағидаларына
3-қосымша

(заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы __ айындағы
**мемлекеттік театрлардың, концерт және
мәдени-демалыс ұйымдарының шығындарын жабу есебі**

мың теңге

Өткізілетін қызметтердің құны	Меншікті кірістердің сомасы	Субсидиялардың сомасы
1	2	3

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 27 қазандағы
№ 1211 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын,
есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын
қамтамасыз етуге байланысты залалды жабуға
бюджеттік субсидиялар бөлу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты залалды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес әзірленді және тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты залалды жабуға субсидиялар бөлу тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттік мұражайлардың залалын пайыздық өтеуге (қызметтердің құнын арзандатуға) арналады.

**2. Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке
алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз
етуіне байланысты мемлекеттік мұражайлардың залалын
жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу тәртібі**

3. Республикалық және жергілікті бюджеттен бюджеттік субсидиялар таратуды бюджеттік бағдарлама әкімшісі сомаларды мұражайлардың өздері өз қаражаты жабатын құнды шегере отырып, мемлекеттік мұражайлардың ағымдағы шығыстарының құнын жабуға жіберу жолымен жүзеге асырады.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттен бюджеттік субсидиялар бөлу бюджеттерді атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар бекітетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана), аудандық және селолық маңызы бар мұражайларды қоспағанда, субсидиялардың мөлшері мемлекеттік мұражайлардың жалпы ағымдағы шығыстарының 80%-ынан аспауы тиіс.

5. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган қаржыландырудың жиынтық жоспарын бекіткеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік мұражайларға бөлінетін бюджеттік субсидиялар көлемі туралы мәліметтерді жеткізеді.

6. Мемлекеттік мұражайлар алатын бюджеттік субсидиялар екінші деңгейдегі банктерде өздері ашатын ағымдағы шотқа есепке алынады және қатаң түрде мақсатқа сай жұмсалады.

7. Мемлекеттік мұражайлар бюджеттік субсидиялар алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне:

1) жыл сайын, ағымдағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша алынған бюджеттік субсидиялар көлемінің негізінде алдағы жылға арналған көрсетілетін қызметтер бойынша кірістер мен шығыстардың бекітілген есебін;

2) ай сайын, айдың 25-күнінен кешіктірмей осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша алдағы айдың шығындарын жабу есептерін береді.

8. Мемлекеттік мұражайлар бюджеттік бағдарлама әкімшісіне есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың 15-күнінен кешіктірмей, қаржы-шаруашылық қызметі бойынша бекітілген есептің ұсынылуын қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік мұражайлар есептердің дұрыстығына және дұрыс жасалуына жауапты болады, олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

10. Мемлекеттік мұражайларға бюджеттік субсидияларға бөлінген бюджет қаражатының тиімді, нәтижелі және мақсатты пайдаланылуына бюджеттік бағдарлама әкімшісі жауапты болады.

Тарихи-мәдени құндылықтардың
сақталуын, есепке алынуын,
жинақталуын және
реставрациялануын қамтамасыз
етуге байланысты залалды
жабуға бюджеттік субсидиялар
бөлу қағидаларына
1-қосымша

(заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы _____

кіріс жоспары

Р/с №	Көрмелер саны	Экскур- сиялар саны	Келушілер саны (мың адам)	Кірістер (мың теңге)			Ескертпе
				Билет сағудан	Жалға беруден	Өзгелер	
1	2	3	4	5	6	7	8

Тарихи-мәдени құндылықтардың
сақталуын, есепке алынуын,
жинақталуын және
реставрациялануын қамтамасыз
етуге байланысты залалды
жабуға бюджеттік субсидиялар
бөлу қағидаларына
2-қосымша

(заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы _____
шығыс жоспары

мың теңге

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Сомасы	Ескертпе
1	2	3	4

Тарихи-мәдени құндылықтардың
сақталуын, есепке алынуын,
жинақталуын және
реставрациялануын қамтамасыз
етуге байланысты залалды
жабуға бюджеттік субсидиялар
бөлу қағидаларына
3-қосымша

(заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы _____ айына

мемлекеттік мұражайлардың залалдарын жабу есептемесі

мың теңге

Сатылатын қызметтердің өзіндік құны	Меншікті кірістер сомасы	Субсидиялар сомасы
1	2	3

Фильмнің индексі туралы ақпаратқа қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 28 қазандағы № 1217 қаулысы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 28-3-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған фильмнің индексі туралы ақпаратқа қойылатын талаптар бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 28 қазандағы
№ 1217 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Фильмнің индексі туралы ақпаратқа
қойылатын талаптар**

1. Жалпы ережелер

1. Осы фильмнің индексі туралы ақпаратқа қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 28-3-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында шығарылған және Қазақстан Республикасының аумағына прокаттау әрі көпшілікке көрсету үшін әкелінген (жеткізілген) фильмдердің индексі туралы ұсынылатын ақпаратқа қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғым пайдаланылады:

box-қаптама – өнім туралы жарнамалық мәліметтер және оны пайдалану қағидалары орналастырылған фильмнің аналогтық және цифрлық тасығыштарының арнайы қаптамасы.

3. Осы Талаптардың ережелері фильмге прокаттау куәлігін алған жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

4. Осы Талаптардың мақсаты балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына, эмоциялық және интеллектуалдық дамуына зиян келтіруі мүмкін аудио-көрініс туындыларынан оларды қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

5. Фильмнің индексі сандық және мәтіндік белгілеуден тұрады.

6. Фильм индексінің мәтіндік белгіленуі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 21-бабына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде ресімделеді.

**2. Кинозалдарда және осы мақсаттарға арналған өзге де
орындарда көрсетілетін фильмнің индексі туралы ақпарат**

7. Кинозалдарда және осы мақсаттарға арналған өзге де орындарда көрсетілетін фильмнің индексі туралы ақпарат «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 19 желтоқсандағы 2003 жылы

Заңының 6 және 11-баптарына сәйкес баспа жарнамасында және өзге де баспа өнімдерінде көрсетіледі.

8. Барлық жарнамалық баспа өнімдерінде фильмнің индексі туралы ақпарат жеке тікбұрышты бейнемен белгіленеді және мынадай параметрлерде көрсетіледі:

1) орналасқан орны – баспа өнімінің бетіндегі сол жақтағы төменгі бұрышы (бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау кезінде - жарнамалық модульдің сол жақтағы төменгі бұрышы);

2) ауданы – баспа өнімі бетінің барлық ауданының жеті пайызынан кем емес (бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау кезінде - жарнамалық модуль ауданының жеті пайызынан кем емес);

3) түсі – инверсия (қара фонда - ашық қаріппен, ашық фонда - қара қаріппен);

4) қарпі – негізгі мәтіннің қарпі.

9. Көрсетілетін фильмнің индексі туралы ақпарат кинозалдарда және осы мақсаттарға арналған өзге де орындардың фойелері мен кассаның маңында орналастырылады.

3. Телевизия эфирінен берілетін фильмнің индексі туралы ақпарат

10. Телевизия эфирінен берілетін фильмнің индексі туралы ақпарат:

1) «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 19 желтоқсандағы 2003 жылы Заңының 6 және 11-баптарына сәйкес баспа жарнамасында және өзге де баспа өнімдерінде;

2) фильмді көрсету алдында көрсетіледі.

11. Барлық жарнамалық баспа өнімдерінде фильмнің индексі туралы ақпарат жеке тікбұрышты бейнемен ерекше белгіленеді және мынадай параметрлерде көрсетіледі:

1) орналасқан орны – баспа өнімінің бетіндегі сол жақтағы төменгі бұрышы (бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау кезінде – жарнамалық модульдің сол жақтағы төменгі бұрышы);

2) ауданы – баспа өнімі бетінің барлық ауданының жеті пайызынан кем емес (бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау кезінде - жарнамалық модуль ауданының жеті пайызынан кем емес);

3) түсі – инверсия (қара фонда - ашық қаріппен, ашық фонда - қара қаріппен);

4) қарпі – негізгі мәтіннің қарпі.

12. Фильмді көрсету алдында фильмнің индексі туралы ақпарат мынадай параметрлерде көрсетіледі:

- 1) орналасқан орны – қандай да бір ақпаратсыз экранның ортасы;
- 2) қарпі – негізгі титрлардың қарпі;
- 3) ұзақтығы – үш секундтан кем емес;
- 4) дыбыстау тілі – фильм көрсетілетін тіл.

4. Аналогтық және цифрлық жеткізгіштерде таратылатын фильмнің индексі туралы ақпарат

13. Аналогтық және цифрлық жеткізгіштерде таратылатын фильмнің индексі туралы ақпарат box-қаптамада көрсетіледі.

14. Box-қаптама фильмнің индексі туралы ақпарат жеке тікбұрышты бейнеде белгіленеді және мынадай параметрлерде көрсетіледі:

1) орналасқан орны – box-қаптаманың сырт жағындағы сол жақтағы төменгі бұрышы;

2) ауданы – box-қаптаманың сыртқы жағындағы жалпы ауданының екі пайызынан кем емес;

3) цифрлық және мәгіндік белгілеудің түсі – қызыл түсті фонда ақ;

4) қарпі – сандық белгілеу үшін – Impact, мәгіндік белгілеу үшін – Arial.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың қағидаларын және оларды пайдалану режимін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 28 қазандағы № 1218 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 17-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың қағидалары және оларды пайдалану режимі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 28 қазандағы
№ 1218 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын,
құрылыс салуды реттеу аймақтарын және
қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың
қағидалары және оларды пайдалану режимі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың қағидалары және оларды пайдалану режимі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 17-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленген және тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындау тәртібін және оларды пайдалану режимін белгілейді.

2. Тарих және мәдениет ескерткіші деп танылған және Тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра объектілерінің (бұдан әрі – тарихи-мәдени мұра объектілері) қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленеді.

**2. Тарихи-мәдени мұра объектісінің қорғау аймағын
айқындаудың тәртібі**

3. Тарихи-мәдени мұра объектісінің қорғау аймағының шекарасын тиісті жергілікті атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары бекітеді.

4. Сәулет және қала құрылысы ескерткіші жерден оның ең биік

нүктесіне дейінгі арақашықтық көлеміне тең, бірақ 20 метрден кем болмайтын қорғау аймағымен қоршалады.

5. Археологиялық ескерткіш оның шекарасынан, топталған ескерткіштерде – шеткі орналасқан объектінің сыртқы шекарасынан 50 метр болатын қорғау аймағымен қоршалады. Көзбен шолу қамтамасыз етілуге тиіс археология ескерткіші үшін қорғау аймағының радиусы оның ортасынан 200 метрге тең болуға тиіс.

6. Тарихи-мәдени мұра объектісінің айналасындағы қорғау аймағы қорғау белгілерімен немесе жыртылған жермен немесе қоршаулармен не олардың шекара сызықтарының бойына бұталар отырғызу арқылы белгіленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің төрт жағынан объектінің атауы, оның қорғау аймағының ауданы көрсетілген қорғау белгілері орнатылады.

7. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймағы тиісті жердің тарих және мәдениет ескерткіштері мен жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің орналасуы тіркелетін тарихи-сәулет тірек жоспарына және карта-схемасына енгізіледі.

3.Тарихи-мәдени мұра объектісінің құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын айқындаудың тәртібі

8. Тарихи-мәдени мұра объектілерінің құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғи ландшафт аймағының шекараларын тиісті жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары бекітеді.

9. Тарихи-мәдени мұра объектісінің құрылыс салуды реттеу аймағы қорғау аймақтарының көлеміне екі есе тең мөлшерде бекітіледі. Құрылыс салуды реттеу аймағы қорғау аймағының шетінен бастап өлшенеді.

10. Тарихи-мәдени мұра объектісінің қорғалатын табиғи ландшафт аймағының көлемі құрылыс салуды реттеу аймағына тең мөлшерде белгіленеді. Қорғалатын табиғи ландшафт аймағы құрылыс салуды реттеу аймағының шетінен бастап өлшенеді.

11. Тарихи-мәдени мұра объектісінің құрылыс салуды реттеу аймағы және қорғалатын табиғи ландшафт аймағы тиісті жердің тарих және мәдениет ескерткіштері мен жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерінің орналасуы тіркелетін тарихи-сәулет тірек жоспарына және карта-схемасына енгізіледі.

4. Тарихи-мәдени мұра объектісінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын пайдалану режимі

12. Қорғау аймағы:

тарихи-мәдени мұра объектілері және оның аумағына жапсарлас тарихи қалыптасқан ортаның сақталуын қамтамасыз ету үшін;

тарихи-мәдени мұра объектісінің тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылықтарын анықтауға ықпал ететін жағдай жасау үшін белгіленеді.

Қорғау аймағының аумағында тарихи-мәдени мұра объектісінің сақталуына, оның тарихи-мәдени қабылдануына теріс әсерін тигізетін жұмыстар жүргізілмейді.

13. Құрылыс салуды реттеу аймағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің қалаларды, елді мекендерді, табиғат көріністерін жоспарлаудың және салудың тарихи қалыптасқан жүйесіндегі кеңістіктік, композициялық рөлін сақтау үшін, тарихи-мәдени мұра объектілерінің қазіргі заманғы қала құрылысы немесе табиғи ортамен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін белгіленеді.

Қалаларды және басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта құру жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып, барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларды жасауды қамтамасыз етеді.

14. Қорғалатын табиғи ландшафт аймағы тарихи, сәулет-көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы бар табиғи және жасанды ландшафтардың, баулардың, саябақтардың сақталуын қамтамасыз ету үшін белгіленеді.

Қорғалатын табиғат ландшафт аймағының аумағында ландшафтың, сумен қамту жүйесінің, өсімдіктердің және басқа да аймақ режимінде көзделген элементтердің сипатын өзгертпейтін қызметке рұқсат етіледі.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1641 қаулысы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына және «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарын және олардың сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органдары тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыруға арналған лицензия беру жөнінде келісім беруші органдар болып айқындалсын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 1641 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және олардың сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі

P/c №	Біліктілік талаптарында мыналар болуы тиіс:	Құжаттар тізбесі	Ескертпе
1	2	3	4
Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алу үшін			
1.	<p>1) жоғары білімі («археология және этнология», «тарих») және археология саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі бар, өтініш берушіде негізгі қызметкер болып табылатын ғылыми жетекшілер – заңды тұлғалар үшін;</p> <p>2) өтініш берушінің жоғары білімі («археология және этнология», «тарих») және археология саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі – жеке тұлғалар үшін</p>	<p>1) мамандығы және біліктілігі, дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы көрсетілген ақпараты бар мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес);</p> <p>2) археология жұмыстары саласындағы жұмыс өтілін растайтын ақпараты бар (жұмыс орны, лауазымы, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтың нөмірі және күні және (немесе) жеке еңбек шартының нөмірі және күні) мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)</p>	

2.	тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі мамандандырылған жабдықтар	мыналар: 1) мамандандырылған жабдықтардың тізбесі; 2) жабдыққа меншік құқығы туралы ақпарат көрсетілген мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	
3.	тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығына археология саласындағы ғылыми ұйымның ұсынымдары	ғылыми ұйымның ұсыным хаты	
Тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыруға лицензия алу үшін			
4.	1) өтініш берушінің жоғары немесе арнайы орта білімі («сәулет», «реставрациялау») және ғылыми-реставрациялау саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі бар, өтініш берушіде негізгі қызметкер болып табылатын ғылыми жетекшілер – заңды тұлғалар үшін; 2) жоғары немесе арнайы орта білімі (сәулет, реставрациялау) және ғылыми-қалпына келтіру саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі – жеке тұлғалар үшін	1) мамандығы және біліктілігі, дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы көрсетілген ақпараты бар мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес); 2) ғылыми-реставрациялау жұмыстары саласындағы жұмыс өтілін растайтын ақпараты бар (жұмыс орны, лауазымы, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтың нөмірі және күні және (немесе) жеке еңбек шартының нөмірі және күні) мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	
5.	тарих пен мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес жабдықтар	мыналар: 1) осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес жабдықтардың тізбесі; 2) жабдыққа меншік құқығы туралы ақпарат көрсетілген мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес)	

Тарих және мәдениет
ескерткіштерінде археологиялық
және (немесе) ғылыми-реставрациялау
жұмыстарын жүзеге асыру үшін
қойылатын біліктілік талаптары
және олардың сәйкестігін растайтын
құжаттардың тізбесіне
қосымша

**Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық
және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын
жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік
талаптары бойынша мәліметтер нысаны**

1. Ғылыми жетекші:

мамандығының және біліктілігінің атауы _____;

дипломның нөмірі _____;

дипломның берілген күні _____;

дипломды берген оқу орнының атауы _____.

2) археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау
саласындағы жұмыс өтілі _____;

жұмыс орны _____;

атқаратын лауазымы _____;

жұмысқа қабылдануы туралы бұйрықтың немесе жеке еңбек
шартының нөмірі және күні _____;

жұмыстан босату туралы бұйрықтың нөмірі және күні _____.

2. Мамандандырылған жабдықтар:

1) мамандандырылған жабдықтардың тізбесі _____;

2) мамандандырылған жабдықтарды сатып алу/сату/жалдау шар-
тының нөмірі _____;

жасалған күні _____;

шарт жасалған тұлға (заңды және (немесе) жеке тұлғаның атауы)

_____.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 1641 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы № 495 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 221-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 610 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 316-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 252 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 25-26, 198-құжат).

4. «Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 маусымдағы № 495 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 1385 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 3, 72-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру туралы» Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің
2007 жылғы 28 наурыздағы № 93 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 25 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4632 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының « Мәдениет туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Көркемөнерпаз ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру Ережесі бекітілсін.

2. Тарихи-мәдени мұра департаменті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы бұйрықтың ресми жариялануын мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министрі А. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2007 жылғы 28 наурызындағы
№ 93 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Көркемөнерпаздар ұжымдарына
«Халықтық» (үлгілі) атағын беру туралы»
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 қаңтардағы Заңының 7-бабына сәйкес көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру мен тәртібін айқындайтын осы Ереже (бұдан былай - Ереже) әзірленді.

2. Көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру шығармашылық ұжымдардың жұмысын қосымша ынталандыру, шығармашылық қызметті жоғары деңгейде қамтамасыз ету, әр топтағы дарынды адамдардың одан әрі кәсіби қалыптасуы үшін талантты өнерпаз орындаушыларды қолдау мақсатында жүзеге асыралады.

**2. Көркемөнерпаздар ұжымдарына
«Халықтық» (үлгілі) атағын берудің тәртіптері**

3. «Халықтық» (үлгілі) атағы мәдени-демалыс мекемелерінде, мектептерде және мектептен тыс мекемелерде, жоғарғы және орта оқу орындарында тұрақты жұмыс істейтін көркемөнерпаздар ұжымдарына, меншік нысанына қарамайтын басқа да ұйымдарда құрылған мынадай:

1) орындаушылық шеберлікке және жоғарғы көркемдік-маңызды репертуарға ие, халық шығармашылығын насихаттау жөніндегі белсенді қызметті іске асыратын халықтың барлық өскелең мәдени және рухани қажеттілігін қанағаттандыратын;

2) шығармашылық және оқу-тәрбиелік жұмыстарымен мына жанрлар бойынша белсенді айналысатын: халық аспаптары, үрмелі және эстрадалық оркестрлеріне, вокалды-аспаптар ансамбліне және басқа да топтарға, фольклорлық және отбасылық ансамбльдеріне, ән

би ансамбліне, театрлар, хореография, хорлар, вокалды, цирк, бейне-леу және колданбалы-безендіру өнері мен фото өнеріне;

3) халықты рухани-эстетикалық тәрбиелеуді қалыптастыратын халықтық-дәстүрлі фольклорлық шығармашылық туындыларымен, отандық және шет ел өнерінің жақсы үлгілерімен байытылған, ұжымдардың репертуарлық, көркемдік-маңыздық деңгейін көтеретін;

4) көркемөнерпаздар ұжымдарының репертуарлары ең алдымен көпұлтты Қазақстан авторларының хореография және музыка, драматургия шығармашылығынан, сонымен қатар қазіргі заманғы халықтық шығармашылық және фольклорлық, әлемдік классикалық үздік үлгілерден қалыптасқан ұжымдарға беріледі.

4. «Халықтық» (үлгілі) атағына үміткер көркемөнерпаздар ұжымдарының шығармашылық деңгейін анықтау үшін, облыстық, Астана, Алматы қалаларының мәдениет департаменттері (басқармалары) құрамына мәдениет саласындағы уәкілетті органның өкілі және жанр бойынша мамандар кіретін комиссия құрылады.

5. «Халықтық» (үлгілі) атағы мәдениет саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен беріледі.

6. Мәдениет саласындағы уәкілетті органға мына құжаттар жіберіледі:

1) облыстық, Астана, Алматы қалаларының мәдениет департаменттерінің (басқармаларының) көркемөнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атағын беру туралы жазбаша қолдау хаты;

2) облыстық, Астана, Алматы қалаларының мәдениет департаменттерінің (басқармаларының) алқа шешімі;

3) «Халықтық» (үлгілі) атаққа үміткерлер ұжымына шығармашылық мінездеме, онда мына ақпараттар көрсетілуі тиіс:

ұжымның материалдық-техникалық базасының ахуалы;

жетекшісі туралы мәлімет;

репертуары және ағымдағы жылға оқу-тәрбиелік жұмыс жоспары;

ұжымның концерттік бағдарламасы;

қатысушылар құрамының тізімі.

7. Уәкілетті орган құжаттарды түскен күнінен бастап он бес жұмыс күн ішінде қарауға тиіс.

8. Мәдениет саласындағы уәкілетті орган қараған құжаттардың қорытындысы бойынша «Халықтық» (үлгілі) атағын көркемөнерпаздар ұжымдарына береді немесе осы Ереженің 3-тармақтың

талабына сай келмеген жағдайда шығармашылық деңгейі төмен ұжымдарға атақ беруден бас тартады.

9. Балалар ұжымдарына «Үлгілі» атағы «Халықтық» атағын беру тәртібі бойынша беріледі.

10. Үш жылда бір рет «Халықтық» (үлгілі) атағы бар көркемөнерпаздар ұжымдары осы Ереженің 3-тармағының талабына сәйкес мәдениет саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен рәсімделіп бекітіледі.

11. «Халықтық» (үлгілі) атағын бекіту тәртібі осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттарға, сонымен қоса Ережеге 2-қосымшаға сай «Халықтық» (үлгілі) атағын алған көркемөнерпаздар ұжымдарының қызметкерлерінің тізімін ұсынады және Ереженің 7-тармағы бойынша қарастырылады.

12. Атағы бар «Халықтық» (үлгілі) көркемөнерпаздар ұжымдары жыл сайын:

драмалық театрлар мен қуыршақ театры, біреуден кем емес көп актілі және бір актілі спектакль қойылымымен қамтамасыз етілуі керек;

хорлар, вокалды ұжымдар, оркестрлер, ән би ансамбльдері, цирктік ұжымдар репертуарларының төрттен бірінен кем емес жаңартулармен, екі бөлімді концерттік бағдарламаны ұсынады;

үгіт бригадалары, мәнерлеп оқу театры, эстрадалық миниатюрлер бір қойылым-бағдарламасын дайындайды;

фото-студия бір көрме жұмысын ұйымдастырады;

қолданбалы-безендіру және бейнелеу студиясы бір көрме жұмысын ұйымдастырады, мәдени-демалыс мекемелерін көркемдік безендіруге көмек көрсетеді;

шығармашылық есебін өткізеді, ұжымның шығармашылық қызметін айқындайтын көрме-жарнамалар, оқу-тәрбиелік, альбомдар және басқа да материалдарымен қатар конкурстарға, фестивальдерге, байқаулар мен көрмелерге басқа да шығармашылық іс-шараларға қатысады, тәртібі мен талаптарын ұйымдастырушылар өздері айқындайды.

13. Көркемөнерпаздар ұжымдары осы Ереженің «Халықтық» (үлгілі) атағын бекіту талаптарына сәйкес келмесе, комиссия шығармашылық деңгейін көтеру және орындау шеберлігін арттыру үшін ұжымның дайындалуына алты айдан артық емес уақыт белгілейді.

14. Осы Ереженің талабына сай болмаған жағдайда көркемөнерпаздар ұжымдарының «Халықтық» (үлгілі) атағы мәдениет саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен алынып тасталады.

Көркемөнерпаздар ұжымдарына
«Халықтық» (үлгілі) атағын беру
ережесіне
2-қосымша

**«Халықтық» (үлгілі) атағын иеленген ұжым
қызметкерлерінің лауазымдық
ТІЗБЕСІ**

Театр, театр-студиясы

Жетекшісі
Қоюшы-режиссер

Үгіт ұжымы, үгіт театры

Жетекші-режиссер
Сүйемелдеуші-концертмейстер

Бал биі студиясы

Балетмейстер
Қоюшы-суретші - көркемдік бөлім меңгерушісі
Сүйемелдеуші-концертмейстер

Оркестрлер

Көркемдік жетекші (дирижер)
Сүйемелдеуші-концертмейстер

Би ансамблі (халықтық, классикалық, балдық)

Балетмейстер (жетекші)
Хореограф

Хор (вокалды ұжым)

Хормейстер
Концертмейстер

Ән би ансамблі

Хормейстер
Қоюшы-балетмейстер
Сүйемелдеуші

Бейнелеу және қолданбалы-безендіру өнері студиясы
Студия жетекшісі
Суретші-техник

Цирк ұжымы

Жетекші
Қоюшы-балетмейстер

Фото студия

Фотограф, суретші-студия жетекшісі
Техник-зертханашы

Ансамбльдер (фольклорлық, отбасылық, балалар)

Көркемдік жетекші
Сүйемелдеуші

Вокалды-аспаптық ансамбльдер және әртүрлі топтар

Көркемдік жетекші
Техник-дыбыс операторы

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің
2007 жылғы 12 сәуірдегі № 110 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 25 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4633 болып енгізілді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мәдениет ұйымдары
қызметкерлерін аттестаттау ережелері бекітілсін.

2. Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті белгіленген
тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны ресми
жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мәдениет мәселелеріне
жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2007 жылғы 12 сәуірдегі
№ 110 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдары
қызметкерлерін аттестаттау ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелері «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес әзірленген және мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттаудан өткізудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау - мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

3. Аттестаттау бұған дейінгі аттестаттау мерзімі біткеннен кейін әрбір үш жыл өткен сайын, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап кемінде бір жыл өткеннен кейін өткізіледі.

4. Қызметкердің иеленіп отырған лауазымы бойынша санатын көтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау жөніндегі өтініші негізінде мерзімінен бұрын аттестаттау өткізілуі мүмкін.

5. Аттестаттауды:

республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін - мәдениет саласындағы уәкілетті орган;

облыстық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін - облыстық жергілікті атқарушы органдар (республикалық маңызы бар қалалар, астана);

аудандық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін аудандық жергілікті атқарушы органдар (облыстық маңызы бар қалалар) құратын аттестаттау комиссиялар өткізеді.

2. Аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру

6. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін аттестаттау бір-бірімен сабақтасқан мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) аттестаттау өткізуге дайындық;

2) аттестаттауды өткізу басталғанға дейін отыз күннен кешіктірмей аттестатталушы тұлғаларды оны өткізу мерзімі туралы жазбаша хабардар етуі;

3) аттестаттау комиссиясының аттестаттаудан өтетін қызметкерлермен әңгімелесу (тыңдау, байқау) өткізуі;

4) аттестаттау комиссиясының шешім шығаруы.

7. Аттестаттау үшін Мәдениет ұйымдарының кадр қызметтері аттестаттау комиссиясына әрбір аттестатталушы тұлғаға қатысты мынадай құжаттарды жібереді:

1) мәдениет ұйымының басшысы қол қойған, аттестатталушы тұлғаның қолы қойылған, «таныстым» деген белгісі бар қызметтік мінездеме;

2) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;

3) өмірбаян;

4) білімі туралы дипломның көшірмесі;

5) соңғы 3 жылда біліктілікті арттырудан өткені туралы құжаттардың көшірмелері;

6) ғылыми дәрежесінің, атағының бар екендігі туралы (олар болған жағдайда) құжаттардың көшірмелері;

7) шығармашыл қызметкердің мәртебесін растайтын сертификаттың көшірмесі (ол болған жағдайда);

8) еңбек кітапшасының көшірмесі.

8. Аттестаттау комиссиясының хатшысы осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушы тұлғаға аттестаттау парағын ресімдейді.

9. Аттестаттау комиссиялары аттестаттауды нақты өткізу мерзімін айқындайды, аттестаттаудың нәтижесі бойынша шешім шығарады.

10. Аттестаттау комиссиясының құрамын мәдениет саласындағы уәкілетті орган, облыстық (Астана, Алматы және республикалық маңызы бар қалалар), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы орган 7 адамнан артық емес құрамда бекітеді.

Бұл ретте аттестаттау комиссиясының құрамына мәдениет жүйесі қызметкерлері кәсіподақтарының өкілдері енгізілуі тиіс.

11. Егер аттестаттау комиссиясының отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады.

12. Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамамен және аттестаттау парағындағы тиісті жазбамен ресімделеді.

Хаттамаға және аттестаттау парағына төраға, аттестациялық комиссияның дауыс беруге қатысқан мүшелері және хатшы қол қояды.

Дауыс беру нәтижесі қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең түскен жағдайда аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

13. Аттестаттау комиссиясының отырысында дәлелді себептермен болмаған аттестатталушы тұлға жұмысқа шыққаннан кейін аттестаттау комиссиясы белгілеген мерзімде аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себептерсіз келмеген аттестатталушы тұлға аттестатталмады деп танылады.

14. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталушы тұлғамен әңгімелескеннен кейін мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

2) қайтадан аттестациялануға тиіс.

15. Қайта аттестаттау бастапқы аттестация өткен күннен бастап алты ай өткеннен кейін осы Ережеде айқындалған тәртіппен өткізіледі.

Аттестаттау комиссиясы қайта аттестациялау өткізе отырып, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

2) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

16. Аттестаттау комиссиясының атқаратын лауазымына сәйкес еместігі туралы қабылдаған шешімі аттестаттаудың теріс нәтижесі болып табылады.

17. Аттесталушы тұлға аттестаттау комиссиясының шешімімен таныстырылуға тиіс.

18. Аттестаттау комиссиясының шешімдері аттестаттау өткізілген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде мәдениет саласындағы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен, облыстық (Астана, Алматы және республикалық маңызы бар қалалар), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен бекітіледі.

19. Аттестаттау комиссиясының бекітілген шешімдері аттесталушы тұлғаның аттесталу парағына енгізіледі.

Аттесталушы тұлғаның аттесталу парағы және оған берілген қызметтік мінездеме оның жеке ісінде сақталады.

3. Қорытынды ережелер

20. Аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген аттесталушы оған сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары
қызметкерлерін аттестаттау ережелеріне
қосымша

Аттестаттау парағы

Аттестаттаудың түрі: кезекті - [____]; қайталама - [____]
(қажеттісі X белгісімен белгіленсін)

Аттестатталушы аты-жөні _____

Туған күні _____

Білімі туралы мәліметтер _____

Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы 3 жылдағы) _____

Лауазымы және тағайындалған (осы лауазымға бекітілген) күні _____

Жалпыеңбекөтілі _____

Осы лауазымдағы жұмыс стажы _____

Дауыс беру нәтижелері бойынша баға _____

Отырысқа аттестаттау комиссиясының _____ мүшелері қатысты

Дауыстар саны:

_____ «иә» деп дауыс берді

_____ «қарсы» деп дауыс берді

Аттестаттау комиссиясының ұсыныстары (олар беретін
негіздемелерді көрсете отырып) _____

Ескерту _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____ (қолы)

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: _____ (қолы)

_____ (қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____ (қолы)

Аттестаттау өткізілген күн 200 ____ жылғы «__» _____

Аттестаттау парағымен таныстым _____

200 ____ жылғы «__» _____

(аттестатталушы тұлғаның қолы)

Басшы

МО

(қолы)

Көтермелеудің салалық жүйесі туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің
2007 жылғы 12 сәуірдегі № 111 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 30 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4651 болып енгізілді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мәдениет саласы қызметкерлерін көтермелеудің салалық жүйесі бекітілсін.

2. Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мәдениет мәселелеріне жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрінің
2007 жылғы 11 сәуірдегі
№ 111 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мәдениет саласының қызметкерлерін
көтермелеудің салалық жүйесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы мәдениет саласының қызметкерлерін көтермелеудің салалық жүйесі «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген (бұдан әрі - Көтермелеу).

2. Көтермелеу мәдениет саласының қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру нысаны болып табылады.

3. Мәдениет саласының қызметкерлерін көтермелеу мақсатында «Мәдениет саласының дамуына қосқан үлесі үшін» құрмет дипломы (бұдан әрі - Құрмет дипломы) осы Көтермелеудің қосымшасына сәйкес нысанда белгіленеді.

2. Құрмет дипломымен марапаттау шарттары

4. Құрмет дипломымен мәдениет және өнер саласының дамуына ерекше үлес қосқан және қызметтік міндеттерін үлгілі орындаған мәдениет жүйесінің қызметкерлері марапатталады, Құрмет дипломымен осы салада үш жылдан аса еңбек өтілі бар мәдениет және өнер саласының қызметкерлері марапатталады.

5. Құрмет дипломымен марапатталуға бір тұлға қайталап ұсыныла алмайды.

3. Материалдарды ұсыну және қарау тәртібі

6. Мәдениет және өнер саласының қызметкерлерін Құрмет дипломымен марапаттау үшін, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне үміткердің нақты сіңірген еңбектері, сіңірген еңбегінің дәрежесін ашатын жетістіктері мен табыстары

жазылуы тиіс мінездеме (аты-жөні, тегі, білімі, еңбек өтілі, жеткен жетістіктері көрсетілуі қажет) ұсынылады, оған кандидатты ұсынған мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы қол қояды.

7. Құрмет дипломымен марапаттау мемлекеттік, кәсіби, өзге де мерекелер мен мерейтой күндеріне орай өткізіледі.

8. Материалдар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ведомстволық наградалар жөніндегі комиссиясының отырысында қаралады. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің қарауына енгізіледі.

9. Құрмет дипломымен марапаттау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен жүзеге асырылады.

4. Қорытынды ережелер

10. Құрмет дипломын табыстауды салтанатты түрде Министр немесе ол өкілеттік берген тұлға жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік органдардың немесе басқа да ұйымдардың кадр қызметі қызметкердің еңбек кітапшасына және жеке іс-қағазына марапаттау туралы бұйрықтың шыққан күні мен нөмірін көрсете отырып, тиісті жазба енгізеді.

Көтермелеудің
салалық жүйесіне
қосымша

Нысан

Герб
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
министрлігі

ҚҰРМЕТ ДИПЛОМЫ

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА
ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН

МАРАПАТТАЛАДЫ

Министр

Астана
20__ жыл
№

Кітапхана қорларын қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а.
2007 жылғы 25 мамырдағы № 152 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 19 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4748 болып енгізілді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
24-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кітапхана қорларын қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Тарихи-мәдени мұра департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушының
2007 жылғы 25 мамырдағы
№ 152 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Кітапхана қорларын қалыптастыру,
сақтау және пайдалану жөніндегі ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және мемлекеттік кітапханаларда сақталатын құжаттардың қалыптасуы, сақталуы мен тиімді пайдалануын ұйымдастырудың тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кітапханаларының кітапхана қоры мемлекеттің меншігі болып табылады және оның қорғауында болады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кітапханаларының кітапхана қоры мемлекет қарамағынан алынуға және жекешелендіруге жатпайды.

4. Мемлекеттік кітапханалардың кітапхана қоры баспа басылымдарын (кітаптар, кітапшалар, газеттер, журналдар) (бұдан әрі - баспа басылымдары) басылымның міндетті тегін данасын (мәтіндік, ноталық, электрондық, картографиялық, бейнелеу басылымның) (бұдан әрі - басылымның міндетті тегін данасы) және материалдарды (CD-дискілер, дискеттер, флэш-порттар, микрофильмдер, аудио және видеобасылымдар) (бұдан әрі - материалдар) құрайды.

4-1. Кітапханалардың кітапхана қорын қалыптастыру сатып алу, кітап алмасу және сыйға тарту жолымен жүзеге асырылады.

Ұлттық кітапханалардың кітапхана қоры басылымның міндетті тегін данасын алу жолымен де қалыптастырылады.

4-2. Қоры тек қана электронды жеткізгіштердегі құжаттардан тұратын кітапхана (электронды кітапхана) пайдаланушылармен

жанама түрдегі (қашықтықта) немесе толық емес жанама түрдегі өзара іс-қимыл кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

4-3. Басылымдардың міндетті даналарын дайындалған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде басып шығарушы немесе оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлға Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханаларына жібереді.

2. Қордың сақталуын оны қалыптастыру және қолдану барысында қамтамасыз ету

5. Кітапханалық өңдеуден өткен баспа басылымдары, басылымның міндетті тегін данасы мен материалдар кітапхана қорына жіберіледі. Қорды орналастыру кезінде баспалардың сақталу және жайғастыру тәртібі сақталуы тиіс. Өңделмеген баспа басылымдары, басылымның міндетті тегін данасы мен материалдар қолдануға берілмейді.

Қорларды кітапханалық өңдеу процесіне кітапхана қорларын қорғауды қамтамасыздандыратын штрихкодтау жүйесі немесе электромагниттік технологиялардың басқа жүйелері енгізіледі.

6. Бөгде адамдардың қор сақталатын бөлімдерге кіруіне жол берілмейді. Ашық қорларға кіруге оқырмандар басылымдарды беру үшін және кітапханашының қатысуымен ғана жіберіледі. Кітапханада баспа басылымдары, басылымның міндетті тегін данасы мен материалдардың алып кетуін бақылайтын тексеру-өткізу тәртібі қамтамасыздандырылады.

7. Жинақтау, өңдеу, сақтау бөлімдері және қосалқы қорлар бөлмелерінде көпшілік іс-шаралар өткізуге жол берілмейді.

8. Кітапхана басылымдарды жаңғырту және ағымдағы жөндеу жұмыстарын (түсіп қалған парақтарды жапсыру, жыртылған жерлерді жапсыру, мұқабаны, қатырма бетті желімдеу) ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

9. Оқырмандардың жоғары сұранысына ие жұмсақ мұқабалы немесе мұқабасыз, сондай-ақ тұрақты және ұзақ сақталымға арналған баспа басылымдарын, басылымның міндетті тегін данасын қайта мұқабалап отыру керек.

Қолдану мүмкіндіктерін кеңейту үшін жоғары сұранысқа ие жеке басылымдар немесе олардың бөлімдері түрлі әдістермен көшіріледі.

Грампластинкалар, аудио және видео басылымдар, CD-дискілер де сандық көшіру процестерінен өтеді.

Ұзақ және тұрақты сақтау мақсатында ғылыми, тарихи және көркемдік тұрғыдан құнды басылымдардың сақтандыру сандық қоры (электрондық көшірмелері) құрылады. Сақтандыру қоры ақпараттық қорғау және қауіпсіздендіру технологияларымен камсыздандырылған депозитарлық электрондық сақтау қоймасында сақталуға тиіс.

10. Кітапхана салаға қатысы жоқ және артық дублетті әдебиетті басқа кітапханаларға сұранысы бойынша олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан бере алады.

11. Алынып тасталды – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің м.а. 2010.26.10 № 120 бұйрығымен.

12. Кітапхана қорын қайта түгендеуге (жаңа инвентарлық нөмір беруге) жол берілмейді. Айрықша жағдайларда (табиғи апат, өрт) сол кітапхана тікелей құзырына кіретін жоғарғы тұрған ұйымның рұқсатымен қайта түгендеу жұмысы жүргізілуі мүмкін.

13. Кітапхана қорында сақталатын баспа басылымдары, басылымның міндетті тегін данасы мен материалдар оқырмандардың қолданысына абонементте, оқу залдарында, арнаулы қызмет көрсету бөлімдерінде, страционардан тыс қосындарда, кітапханааралық абонемент бойынша беріледі.

14. Кітапхана қызметкерлері оқырмандық берешіктерді болдырмау және жою бойынша тұрақты жұмыстар жүргізеді.

**Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға
сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету
нысандары арқылы кітапхана қорларына қол
жеткізу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрінің м.а.
2007 жылғы 25 мамырдағы № 153 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 19 мамырдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4749 болып енгізілді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
24-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу Ережесі бекітілсін.

2. Тарихи-мәдени мұра департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушының
2007 жылғы 25 мамырдағы
№ 153 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға арналған
сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары
арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапханалар қорларына қолжетімділік тәртібін анықтайды. Сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары халыққа қызмет көрсету бойынша кітапханалар қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Кітапхана қосыны - штаттық қызметкер немесе келісімшартқа отырған қоғамдық-кітапханашы жұмыс істейтін кітапхананың аумақтық оқшауланған бөлімшесі. Кітапхана қосындары кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен келісімшарт бойынша, сондай-ақ стационарлық кітапханасы жоқ елді мекендерде ұйымдастырылады.

3. Көшпелі оқу залы (дауыстап оқумен) - ұйым мен кітапхана арасындағы жасалған келісімшарт негізінде, айдың белгілі бір күндері мен сағатында тұтынушыларға баспа басылымдары (кітаптар, кітапшалар, газеттер, журналдар) (бұдан әрі - баспа басылымдары) және материалдармен (CD-дискілер, дискеттер, флэш-порттар, микрофильмдер, аудио және видеобасылымдар) (бұдан әрі - материалдар) тұрып жатқан жерлерінде (қарттар, мүгедектер үйі) танысуға мүмкіндік беретін стационардан тыс кітапханалық қызмет көрсету нысаны.

4. Сырттай немесе стационардан тыс кітапханалық қызмет көрсету - кітапханадан тыс жерлерде тұтынушыларға бірқалыпты қызмет көрсетуге, олардың сұраныстарын қанағаттандыруға арналған қызмет.

5. Сырттай абонемент - баспа басылымдары мен материалдарды тұтынушының тікелей тұрақты жеріне пошта арқылы жөнелту жолымен қызмет көрсететін кітапхана абонементі.

6. Мүгедек - тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам.

7. Ұжымдық абонемент - еңбек ұжымында, сыныптарда, өндірістік учаскеде келісімшарт негізінде қызмет көрсету нысаны.

8. Егде жастағы адамдар - 58-ден жоғары жастағы тұтынушылар.

9. Үй абонементі - тұтынушыға баспа басылымдарын және материалдарды үйінде алуға мүмкіндік беретін кітапхана абонементі.

10. Жылжымалы кітапхана – кітапхана қызметімен алыс аймақтардағы тұтынушыларға қызмет көрсетуге арналған абонемент.

2. Сырттай немесе стационардан тыс кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

11. Сырттай немесе стационардан тыс кітапханалық қызмет көрсету нысандарының міндеті мүгедектердің немесе егде жастағы адамдардың ақпаратқа қолжетімділігі құқығын оның сұраныстары мен мүдделеріне сәйкес қамтамасыз ету болып табылады.

12. Барлық мемлекеттік кітапханалар сырттай немесе стационардан тыс нысандар арқылы мүгедектер немесе егде жастағы адамдарға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды қамтамасыз етеді.

13. Сырттай және стационардан тыс кітапханалық қызмет көрсету нысандарына кітапхана қосындары, сырттай, үй, ұжымдық абонементтер, көшпелі оқу залдары, жылжымалы кітапханалар енеді.

14. Сырттай немесе стационардан тыс кітапханалық қызмет көрсетуді қаржыландыру ұйымдастыруға, қорды қоса, көлік қызметіне, орын-жайға және басқа шығындарға қаралған жыл сайын бекітілетін бюджет есебінен жүзеге асырылады.

3. Сырттай немесе стационардан тыс нысандар арқылы көрсетілетін қызметтер

15. Сырттай немесе стационардан тыс кітапханалық қызметімен тұтынушыларға келесі қызметтер ұсынылады:

1) ақпарат көздерін іздеу және таңдауда анықтамалық және консультациялық көмек;

2) кітапхана қорында нақты баспа басылымдары мен материалдардың бар болуы туралы ақпарат ұсыну;

3) оқырманның сұранымы бойынша толық мәтіндегі ғылыми деректер базасынан, онлайн каталогтарынан ақпаратты іздеу және ұсыну;

4) өз қорларындағы және басқа кітапханалардың қорларынан баспа басылымдары мен материалдарды (олардың көшірмелері), сонымен қатар электрондық поштаны қолдану арқылы ұсынады.

16. Көрсетілген қызметтерді ұсынуға тапсырыстар ауызша (телефон арқылы) немесе жазбаша түрде (өтінім бланкі, электрондық пошта арқылы) қабылданады.

Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а.
2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 11 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4725 болып енгізілді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мұражайдың сақтау қоймасындағы
мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу
ережесі бекітілсін.

2. Тарихи-мәдени мұра департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны
ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушының
2007 жылғы 25 мамырындағы
№ 154 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері
мен мұражай коллекцияларына
қол жеткізу ережесі**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес әзірленген және мұражайдың қор сақтамасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу тәртібін белгілейді (әрі қарай - Ереже).

2. Мұражайдың сақтау қоймасын ашу, жабу және бекітуді қор сақтаушы жүргізеді.

3. Сақтау қоймасын ашу қор сақтаушының қол қоюымен ашу мақсаты көрсетіліп арнаулы журналда белгіленеді.

4. Мұражай қызметкерлері сақтау қоймасына тек өндірістік қажеттілік туған жағдайда ғана кіреді. Мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын сақтау қоймасынан мұражайдың өз ішінде суретзертханасына немесе ғылыми жұмыс үшін уақытша алу және беру осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес мұражай ішіндегі алу және беру актілерімен рәсімделеді.

5. Қайта жаңғыртушылар сақтау қоймасында қайта қалпына келтіруді талап ететін мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекциялары бар екендігі белгілі болған жағдайда ғана кіреді. Қайта жаңғыртушылар мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын қайта жаңғырту жұмыстарына алған кезде - мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларының қайта жаңғыртуды қажет ететін бүлінгені туралы, қайтарған кезде - мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларына жүргізілген қайта жаңғырту жұмыстары туралы осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес актімен рәсімделеді.

6. Жеке тұлғалар тиісті нұсқаулары болған жағдайда мұражай

директоры немесе мұражайдың бас қор сақтаушысының арнайы бір реттік рұқсат қағазымен кіре алады. Рұқсат қағаз кейін қор сақтаушыға өткізіледі.

Бір реттік рұқсат қағаздың нұсқасы мұражай директорымен бекітіледі.

7. Мұражайлардың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беру, мәдениет саласындағы құзырлы органның немесе облыстық жергілікті атқарушы органның (республикалық маңыздағы қалалардағы, астаналық) арнайы рұқсатымен жүзеге асырылады.

Уақытша пайдалануға беру, мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларының сақталу жағдайы мен берілу мерзімі толық көрсетілген осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес актімен рәсімделеді.

8. Түсім кітабына енгізілмеген, шифр және нөмір қойылмаған мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын беруге рұқсат етілмейді.

9. Мұражайдан тыс жерге әкетілген мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекциялары мұражайдың сақтау қоймасына сақтаулы күйінде тиісті актілерде көрсетілген мерзімінен кешіктірілмей қайтарылуға тиіс.

Мұражайдың сақтау қоймасындағы
мұражай жәдігерлері мен мұражай
коллекцияларына қол
жеткізу ережесіне
1-қосымша

(Мұражайдың атауы)

Мұражайдың бас қор сақтаушысы

« _____ » _____ 200__ ж.

Мұражай ішіндегі алу-беру

АКТИСІ

№ _____

« ____ » _____ 200__ ж.

Осы актіні толтырушы қор сақтаушы _____

аты, әкесінің аты, тегі

қор сақтаушы _____

аты, әкесінің аты, тегі

төмендегі мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларын біріншісі беріп, екіншісі қабылдап алды:

Түсім кітабы бойынша № инвентарлық № (түсім кітабының нөмірі болмаған жағдайда)	Атауы және қысқаша сипаттамасы	Материалы, техникасы	Өлшемі, салмағы -бағалы металдар үшін	Сақталуы	Ескерту

Берілу мақсаты: _____

Негізі: _____

Берген: _____

Алған: _____

Материалдық жауапкершілікті сақтауға алған: _____

Қатысқандар: _____

Мұражайдың сақтау қоймасындағы
мұражай жәдігерлері мен мұражай
коллекцияларына қол
жеткізу ережесіне
2-қосымша

_____ (Мұражайдың атауы)

Бекітемін
Директор _____
« ____ » _____ 200__ ж.

**Мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай
коллекцияларын қайта жаңғыртуға беру
АКТІСІ № _____**

Астана қаласы « ____ » _____ 200__ ж.

Біз, төменде қол қойғандар, _____

_____ кайта жаңғыртуды қажет ететін мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларын өткізгендігі, ал _____

_____ кайта жаңғырту мақсатында қабылдап төмендегі мұражай жәдігерлер мен (немесе) мұражай коллекцияларын қабылдап алғандығы туралы осы акті жасалды:

№ р/с	Инв.№	Атауы	Сақталуы	Ескерту

Барлығы осы акті бойынша _____ дана өткізілді
(сақтау бірлігі)

Өткізді _____

Қабылдап алды _____

Мұражайдың сақтау қоймасындағы
мұражай жәдігерлері мен мұражай
коллекцияларына қол
жеткізу ережесіне
3-қосымша

_____ (Мұражайдың атауы)

Бекітемін

Директор _____

« _____ » _____ 200__ ж.

Уақытша пайдалануға беру

АКТИСІ

№ _____

« _____ » _____ 200__ ж.

Бас қор сақтаушы _____

_____ және _____

_____ материал алушының қызметі, мекен жайы

200__ жылғы « _____ » _____ № _____ сенім хат және 200__ жылғы

« _____ » _____ кепілдік хатына сай директордың

_____ рұқсаты және нұсқауымен осы акт үш

данада біріншісінің өткізгендігі, ал екіншісінің қабылдағаны,

тұрақты (уақытша) пайдалануға келесі жәдігерлерді өткізгені тура-

лы жасалды. Сақталу мерзімі _____

№ р/с	Атауы және қысқаша сипаты	Саны	Есептік белгі- лері	Сақталуы	Ескерту

Барлығы _____ дана
(сақталу бірлігі)

Өткізген _____ Қабылдаған _____

Бас қор сақтаушы _____

Есептік бөлімнің жетекшісі _____

Қор бөлімінің жетекшісі _____

Төмендегі жағдайлар міндетті түрде орындалуы тиіс:

1. Осы акті бойынша өткізілген мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекциялары мұражайға _____ осы актіде көрсетілген мерзімде және алдын ала талап етуінсіз қайтарылады.

2. Мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекциялары _____ есебінен тасымалданады.

3. Берілген мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекциялары өткізілген кездегі сақталуынан кем жағдайда болмауы тиіс.

4. Мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекциялары жоғалған немесе жартылай бүлінген жағдайда _____

_____ жоғалған мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларының құнын немесе қайта қалпына келтіруге кететін шығынды төлеуі тиіс.

5. Белгіленген сақталу мерзімінде _____

_____ мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларының тиісті жағдайда сақталуын қадағалап отырады және _____

_____ мұражайының өкілін берілген мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларын бақылап отыруға кедергісіз кіргізіп отыруы және олардың сақтау жағдайлары туралы айтқан барлық нұсқаулықтарын орындауға міндетті.

Осы акті «_____» данадан тұрады және қол қойған жақтардың бәріне бір-бір данадан берілген.

Талаптармен таныстым: _____
(қолы)

Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің
2007 жылғы 20 тамыздағы № 219 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2007 жылғы 14 қыркүйекте Нормативтік құқықтық
кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4933 болып енгізілді

«Тарихи-мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы»
Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі
Заңының 19-бабы 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің
ережесі бекітілсін.

2. Тарихи-мәдени мұра департаменті заңнамада белгіленген
тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми
жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр
А.И. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші рет ресми жарияланған күнінен
бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат Министрінің
2007 жылғы 20 тамыздағы
№ 219 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы тарихи - мәдени сараптама жүргізудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарихи-мәдени сараптама жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Тарихи-мәдени сараптама (бұдан әрі - Сараптама) мәдени-мұра объектісінің тарихи-мәдени маңызын және сақталу деңгейін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

3. Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне сараптаманың жүргізілуін тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - Уәкілетті орган) қамтамасыз етеді.

4. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне немесе жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне сараптаманың жүргізілуін қамтамасыз етуді облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - Жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

2. Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің тәртібі мен шарттары

5. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне немесе тарих және мәдениет ескерткіштеріне сараптама уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-жаңғырту жұмыстарын жүргізу лицензиясы бар сарапшыны (сарапшыларды) тарту арқылы жүргізіледі.

6. Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган сарапшыға (сарапшыларға) мынадай материалдар ұсынады:

1) тарихи-мәдени мұра объектісіне тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін беру мақсатында:

сипаттамасы, орнатылған уақыты мазмұндалған мәлімет;

тарихи-мәдени мұра объектісінің фотосуреті;

2) тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесінен айыру мақсатында; тарих және мәдениет ескерткішінің төлқұжаты, есеп карточкасы; тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау міндеттемесі.

7. Сараптама сарапшыға (сарапшыларға) материалдарды ұсынған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

8. Сараптаманы жүргізу үшін қосымша материалдар мен ақпаратты зерделеу қажет болған кезде сараптаманы жүргізу мерзімі отыз күнтізбелік күнге ұзартылуы мүмкін.

9. Уәкілетті орган және жергілікті атқарушы орган мүдделі мемлекеттік органдарға және басқа ұйымдарға сұрау салулар жіберу жолымен сарапшыға (сарапшыларға) қосымша материалдар мен ақпарат алуға жәрдем көрсетеді.

10. Сараптама жүргізу кезінде сарапшы (сарапшылар):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органмен жасалған шарттың талаптарын сақтау;

2) тарихи-мәдени мұра объектісінің немесе тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнына барып, тікелей қарауды жүзеге асыру қажет.

11. Сараптама жүргізу барысында сарапшы (сарапшылар):

1) уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қойған мәселелер бойынша дәлелді, объективті және толық сараптамалық қорытынды дайындайды;

2) сараптама жүргізу үшін ұсынылған сараптама объектісі, материалдар мен ақпараттар туралы мәліметтерді жария етпейді, сондай-ақ оларға жария баға беруден тартынады.

12. Сараптама жүргізу мүмкін еместігі және оны жүргізуге кедергі келтіретін жағдайлар туралы сарапшы (сарапшылар) уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органды жедел хабардар етеді.

13. Жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды жасалады, ол сараптама жүргізудің мәні бойынша сарапшылардың дәлелді, ғылыми негізделген, объективті және толық тұжырымдарын қамтуға тиіс.

14. Сараптамалық қорытынды сараптама жүргізген ұйымның фирмалық бланкісінде дайындалады, ал сараптаманы жеке тұлға жүргізген жағдайда қорытындыда оның тегі, аты, әкесінің аты және оның құзыреттілігін көрсететін деректер көрсетіледі.

15. Сараптамалық қорытындыда мыналар көрсетілуге тиіс:

1) сараптама жүргізген ұйым немесе тұлға лицензияның нөмірі және оның берілген мерзімі;

2) ғылымның ол бойынша сараптама жүргізілген саласы;

3) сараптаманың мәні мен мақсаттары;

4) сараптама объектісінің атауы;

5) сараптама объектісінің белгіленуі;

6) қойылған сұрақтарға негізделген және толық жауаптар.

16. Сараптама қорытындысында сараптама объектісі бойынша қосымша мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

3. Қорытынды ереже

17. Жүргізіліген сараптама нәтижесі бойынша сарапшы (сарапшылар):

1) сараптама объектісіне тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін беру жөнінде;

2) сараптама объектісін тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесінен айыру жөнінде қорытынды шығарады.

Фильмді ұлттық деп тану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің м.а.
2010 жылғы 5 қазандағы № 109 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
2010 жылғы 1 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6613 болып енгізілді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-1 бабы
3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Фильмді ұлттық деп тану ережесі
бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет
комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми
жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан
Республикасының Мәдениет вице-министрі А. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа
енгізіледі.

**Министрінің
міндетін атқарушы**

Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрінің міндетін
атқарушының 2010 жылғы
5 қазандағы № 109 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Фильмді ұлттық деп тану ережесі

1. Осы Фильмді ұлттық деп тану ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-1-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында фильмді ұлттық деп тану тәртібін белгілейді.

2. Фильм мынадай негіздердің жиынтығына сәйкес келсе:

1) егер фильм жоғары көркемдік деңгейде жасалып, халықтың рухани қажеттіктерін қанағаттандыруға қабілетті болса, мемлекеттік мүдделерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасын кино өнері арқылы әлемдік аренада танып-білуге қызмет ететін болса;

2) фильмдерді шығару, тарату және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) кезінде смета бойынша жұмыстардың жалпы көлемінің кемінде жетпіс процентін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген кинематографиялық ұйымдар жүзеге асыратын болса;

3) Қазақстан Республикасының азаматы және (немесе) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлға фильмнің продюсерлері болып табылса;

4) фильм түсіретін топтың құрамына кіретіндердің (режиссерлер, операторлар, дыбыс операторлары, киім суретшілері, монтаждаушылар, басты рөлдерді орындайтын актерлер) отыз пайыздан аспайтыны Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын адамдар болса;

5) фильм шығарудағы шетелдік инвестициялар фильмнің сметалық құнының отыз процентінен аспаса;

6) фильмді шығару ішінара немесе толығымен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылса, ұлттық деп танылады.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес шетелдік кинематографиялық ұйымдармен бірлесіп түсірілген фильм ұлттық деп танылуы мүмкін.

4. Фильмді ұлттық деп тану үшін өтініш иесі Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитетіне (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Комитет төрағасының атына фильмді ұлттық деп тануға өтініш. Өтініште міндетті түрде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

фильмнің атауы;

фильмді шығарған ел;

фильмді шығарушы-студия;

фильмнің шыққан жылы;

фильмнің форматы;

фильмнің хронометражы;

фильм серияларының саны;

фильмнің жанры;

фильмнің индексі;

фильмнің авторлары (сценарий авторы, қоюшы-режиссер, қоюшы-оператор, қоюшы-суретші, музыкалық шығарманың авторы);

фильмнің продюсерлері;

фильмнің тілі, фильмді дубляждау тілдері (олар болған жағдайда);

өтініш берушінің деректемелері (заңды тұлға үшін - заңды мекенжайы мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі және күні; жеке тұлға үшін - жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) нөмірі және күні);

өтініш берген күні және өтініш иесінің қолы;

2) техникалық талаптарға сәйкес келетін кез келген жеткізгіштердегі фильмнің көшірмесі;

3) фильмді шығаруға, таратуға және көпшілікке көрсетуге (демонстрациялауға) жасалған шарттар көшірмелері;

4) продюсердің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің және оның құрылтай құжаттарының көшірмелері немесе жеке басын куәландыратын жеке тұлға - продюсердің жеке басын куәландыратын көшірмесі;

5) фильм түсіретін топтың құрамымен (режиссерлер, операторлар, дыбыс операторлары, киім суретшілері, монтаждаушылар, басты рөлдерді орындайтын актерлер) жасасқан шарттардың көшірмелері және олардың жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері;

6) фильмнің сметалық құнын және оны қаржыландыру көздерін растайтын құжаттар.

5. Өтініш Комитетке түскен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде қаралуға жатады.

6. Фильмді ұлттық деп тану жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін Комитет кинематография саласындағы мамандардан және Комитет өкілдерінен тұратын арнайы комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

7. Фильмді ұлттық деп тану туралы шешім Комитет төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ресімделеді.

8. Фильмді ұлттық деп танудан бас тарту үшін:

1) өтініш беруші осы Ереженің 4-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттарды табыс етсе;

2) егер фильм халықтың рухани қажеттіктерін қанағаттандыруға, мемлекеттік мүдделерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасын кино өнері арқылы әлемдік аренада танып-білу үшін қызмет етуге қабілетті жоғары көркемдік деңгейге сәйкес келмесе;

3) егер Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген кинематографиялық ұйымдар фильмдерді шығару, тарату және көпшілікке көрсету (демонстрациялау) жөніндегі смета бойынша жұмыстардың жалпы көлемінің жетпіс процентінен кемін жүзеге асыратын болса;

4) егер фильмнің продюссерлері Қазақстан Республикасының азаматы болмаса және (немесе) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлға болып табылмаса;

5) егер фильм түсіретін топтың құрамына кіретіндердің (режиссерлер, операторлар, дыбыс операторлары, киім суретшілері, монтаждаушылар, басты рөлдерді орындайтын актерлер) отыз пайыздан астамы Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса;

6) егер фильм шығарудағы шетелдік инвестициялар фильмнің сметалық құнының отыз процентінен асып кетсе;

7) егер фильмді шығару ішінара немесе толығымен республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмаса, негіз болып табылады.

9. Фильмді ұлттық деп танудан бас тарту жазбаша түрде бас тартудың дәйекті себебін көрсетумен осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарымен құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларға беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына «Орталық» мәртебесін беру Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің
2010 жылғы 1 қарашадағы № 123 бұйрығы

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 21-бабының 2-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарымен құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларға беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына «Орталық» мәртебесін беру Ережесі бекітілсін.

2. Мәдениет комитеті он күн мерзімде осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А.И. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2010 жылғы 3 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрінің
2010 жылғы 1 қарашадағы
№ 123 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарымен құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларға беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына «Орталық» мәртебесін беру ережесі

1. Осы Ереже «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 21-бабының 2-1-тармағына сәйкес әзірленді және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарымен құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларға беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қаланың кітапханаларына (бұдан әрі – мемлекеттік кітапхана) «Орталық» мәртебесін беру тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік кітапханаларға «Орталық» мәртебесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) беріледі.

3. «Орталық» мәртебесі:

- 1) әмбебап сипаттағы кітапхана қоры;
түрлі жанрлық тақырыптарда мерзімдік басылымдары бар;
- 2) облыстағы, аудандағы, қаладағы кітапхана ісінде инновацияны анықтау, тарату және енгізу жөнінде;
облыс, аудан, қала кітапханалары үшін әдістемелік көмек көрсету жөнінде;

облыстағы, аудандағы, қаладағы кітапхана кадрларының біліктілігін арттыру жөнінде;

облыс, аудан, қала пайдаланушыларының барлық санаттарына ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету жөнінде;

ақпараттық ресурстарды өзара пайдалануды ұйымдастыру жөнінде (құжаттарды электрондық жеткізу, кітапханааралық абонемент, жинақталған электронды каталогтарды, электрондық ресурстарды құру) қызметті жүзеге асырушы мемлекеттік кітапханаларға беріледі.

4. «Орталық» мәртебесін беру үшін мемлекеттік кітапхананың басшысы жергілікті атқарушы органның қарауына кітапхана қызметінің қысқаша сипаты мен кітапханаға «Орталық» мәртебесін беру орындылығының негіздемесі бар тиісті ұсынысты енгізеді.

5. Жергілікті атқарушы орган ұсыныс түскен сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде оны қарайды және «Орталық» мәртебесін беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Жергілікті атқарушы органның шешімі не қаулысы кітапханаға «Орталық» мәртебесін беруді растау болып табылады.

7. «Орталық» мәртебесі бес жыл ішінде қолданылады. Аталған мерзім аяқталған соң мәртебені сақтау туралы мәселе қайта қаралады.

8. Кітапхана осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген жүктелген функцияларды орындамаған жағдайда жергілікті атқарушы орган кітапхананы «Орталық» мәртебесінен айыру туралы шешім шығарады.

Фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің
2011 жылғы 14 наурыздағы № 46 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2011 жылы 7 сәуірде № 6876 тіркелді

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 28-2-бабының 2-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған фильмге прокаттау куәлігінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрінің
2011 жылғы 11 наурыздағы
№ 46 бұйрығымен
бекітілген



